

**Құрметті әріптестер,
ардагер ұстаздар, студенттер!**

Сіздерді, Қазақстан
Республикасының тұңғыш
Президенті күнімен құттықтаймын!
Жаңа тәуелсіз мемлекеттің
іргетасын қалаушы
Нұрсұлтан Назарбаев — барлық
қазақстандықтар және халықаралық
қоғамдастық мойындаған ғаламдық
бастамалардың бастаушысы,
отандастарымыздың құқықтары мен
бостандықтарының қорғаушысы, елді
кемел келешекке жетелейтін игі
істердің қолдаушысы.
Мемлекетімізге одан әрі өрлеу мен
өркендеу, әрбір қазақстандыққа —
мол табыс, бақ-дәулет тілейміз!

Құрметпен,
басқарма төрағасы-ректордың м.а.
Н.Х. Серғалиев



Наш коллега награжден Почетной грамотой

Ученые университета на различных уровнях выполняют экспертную работу. Недавно наш коллега, профессор Ахмеденов Кажмурат Максutowич, был награжден Благодарственным письмом Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки МОН РК.

Кандидат географических наук, профессор Ахмеденов Кажмурат Максutowич в течение 5 лет работал в качестве эксперта Экспертных советов по «Науке о Земле» (2017-2018 гг.) и «Химии, физике и окружающей среде» (2019-2021 гг.) Комитета по обеспечению качества в сфере образования и науки Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Эти Экспертные советы проводят работы по экспертизе аттестационных дел соискателей ученых степеней и званий, журналов для вхождения в список, рекомендованных Комитетом.

Желаем успехов в работе и научных достижений!!!



Біз енді - студентшіз!

16-бет



**Шетелдік ғалым
БҚУ-да
тәжірибе
бөліспек**

2-бет

**НОВОСТИ
МОН РК**

3 стр.

**АКАДЕМИЧЕСКАЯ
СВОБОДА —
это большая
ответственность**

4 стр.

**Ер Түріктің
бесігі -
Түркістан!**

8-бет

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде «Қазақтың рухани қасиетті орындары туралы білімді зерттеу мен насихаттаудағы трансшекаралық ынтымақтастық» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік онлайн конференция өтті. Бұл конференцияның мақсатты аудиториясының басым бөлігін жастар құрап, конференция жұмысы айқын және түсінікті осы мемлекеттік саясатты іске асыруға бағытталған болатын.

ТРАНСШЕКАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ



Батыс Қазақстан тұрғындарының жақын орналасқан шет елдердегі қазақ диаспорасы өкілдерімен қарым-қатынасының жаңа арналарын кеңейту мақсатында, зерттелінетін облыстардағы қазақтарының бірлестіктерінің белсенді мүшелерімен, басшыларымен хат-хабар алмасу жүргізілді.

Конференцияның бастамашылары Арықбаев Равиль Каримович-Астрахан аймағының қазақтарының «Жолдастық» қоғамдық ұйымы кеңесінің төрағасы, экономика ғылымдарының докторы, профессор, Астрахан мемлекеттік техникалық университетінің Экономика институтының директоры; Ташпеков Владимир Александрович - Саратов аймақтық «Ұлттық мәдени орталығының» «Поволжье қазақтарының ассоциациясы» қоғамдық ұйымының президенті, сонымен қатар тарих ғылымдарының докторы, дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті Нұрғалиева Агила Мұстахимқызы мен БҚУ оқытушыларының шығармашылық тобы мүшелері, кафедраның аға оқытушылары Калиева Жадыра Абжамикқызы мен Әмен Асхат Жангелдіұлы қатысты.

Батыс Қазақстан университетінің конференция қатысушыларына арналған алғы құттықтау сөзін сөйлеу кезегі - М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті оқу академиялық мәселелер жөніндегі проректор Тасмағамбетов А.С., Астрахан мемлекеттік техникалық университеті Экономика институтының

директоры, «Жолдастық» қоғамдық ұйымы атынан - проф. Арықбаев Р.К., сондай-ақ Саратов облысы Қоғамдық палатасының мүшесі, «Поволжье қазақтары қауымдастығы» Саратов аймақтық қоғамдық ұйымының президенті А.В. Ташпековке берілді.

Профессор Р.К. Арықбаев өзінің құттықтау сөзінде: «Бүгін талқылауға шығарылған мәселелер, әрине, өте өзекті. Ресей мен Қазақстан басшылығының шекаралық ынтымақтастықты жандандыру туралы соңғы шешімдері аясында қазақтнсын, мәдениетін сақтау мәселелері өте маңызды мәнге ие болуда. Биылғы жаздың ортасында, біз Қазақстан Республикасына ресми делегация болып барып, Қазақстан Президентімен, бірінші премьер-министрімен, Энергетика министрімен кездескен болатынбыз. Міне, осы кездесулерде біздің ынтымақтастығымыз өте терең байланыстарға негізделгені туралы терең ой айтылды. Сонымен қатар, экономикалық қана емес, тарихи байланыстар туралы тақырыптар қозғалған болатын. Айтпақшы, 2021 жыл біз үшін айтулы жыл, өйткені Құрманғазы Сағырбайұлы кесенесінің ашылуының 25 жылдығын атап өтеміз. Бұл мұражайдың ашылуы Ресей және Қазақстан халықтары арасындағы үлкен достыққа негізделген. Оның үстіне қазақтардың, Ресей Федерациясының басшылығы тарапынан бұл жерлерді сақтап қалуға барынша күш салып жатқанын мақтан тұтамыз.

Шетелдік ғалым БҚУ-да тәжірибе бөліспек

ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті жаратылыстану-география факультетінде Польша елінен Ұлы Казимир университетінің (Быдгощ қ.) профессоры, биология ғылымдарының докторы Славомир Качмарек келді. Поляк ғалымы профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушыларға шеберлік сағатын көрсетіп, ғылыми жобалар бойынша біріккен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге, жас оқытушыларға әдістемелік көмек көрсетіп, магистранттардың диссертациялық жұмыстарына қолдау бермек ниетте.

С о н ы м е н қатар, «Биология», «Ағылшын тіліндегі биология», «Экология», мамандықтарының студенттеріне «Теориялық биология», «Молекулярлы биология», «Зерттеудің биоиндикациялық әдісі», «Қазіргі биотехнологияның экологиялық аспектілері», «Микробиология мен вирусология негіздері» сынды пәндерінен дәрістер оқып, практикалық сабақтар өткізеді. Профессор С.Качмарек университетімізге бірнеше рет келіп, ғылыми іс сапарда болып, факультет ғалымдарымен бірлескен ғылыми экспедицияда жұмыстанған болатын. Ғалымның ғылыми-зерттеу жұмысының тақырыбы акарология, яғни зоология ғылымының кенелерді зерттейтін саласы, соның ішінде топырақ кенесінің түрлерін анықтау.

Алдыңғы 2018-2019 жылдардағы ғылыми зерттеу жұмыстарында Батыс Қазақстан облысы аумағынан топырақ кенелерінің екі жаңа түрін анықтаған болатын.



Ғылыми зерттеу жұмыстарының қорытындысы ретінде факультет ғалымдарымен бірлескен ғылыми мақалалары халықаралық жоғары рейтингтік ғылыми журналдарда жарық көрді. Осы жолғы іс сапарда профессор С.Качмарек факультеттің жас ғалымдармен тығыз жұмыстанып, облыс аумағында бірнеше ғылыми экспедицияларға, ғылыми конференция жұмысына қатысуды жоспарлауда. Профессор БҚУ-да 3 қараша мен 3 желтоқсан аралығында жұмыс жасайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасы

«Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі Т.Т.Шайхиев «Ақжайық» телеарнасының «Ақиқат алаңы» бағдарламасына қатысты. Бағдарлама «Қазақстан Республикасының 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат Тұжырымдамасын» талқылауға арналды.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі және жүйелі реформалар - елдің өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асырудың Жалпыұлттық жоспарының 88-тармағына негізінде әзірленген. ҚР Президенті Қ.К.Тоқаев «ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ЖӘНЕ ЖҮЙЕЛІ РЕФОРМАЛАР – ЕЛ ӨРКЕНДЕУІНІҢ БЕРІК НЕГІЗІ» атты 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауының САЯСИ ЖАҢҒЫРУ ЖӘНЕ АДАМ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ атты VI бөлімінде «Сыбайлас жемқорлықпен тиімді күресті жалғастыру қажет. Құзырлы агенттік жыл соңына дейін орта мерзімді кезеңдегі іс-қимылымыздың бағдарламасын айқындайтын стратегиялық құжатты бекітуге ұсынуы керек. Бұл ретте, «тұрмыстық сыбайлас жемқорлықты» жоюға айрықша назар аударған жөн», - деп атап көрсеткен болатын.

Бағдарламада барысы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қандай алдын-алу шаралары іске асырылып жатыр, қандай өзекті мәселелер бар және сыбайлас жемқорлықты болдырмау үшін не істеу қажет сұрақтары төңірегінде өрбіді.

Қазіргі әлемде сыбайлас жемқорлық әлеуметтік құбылыс ретінде кез келген қоғамда орын алады және барлық дерлік мемлекеттер үшін маңызды және өзекті мәселені білдіреді. Сыбайлас жемқорлық экономикалық дамуды тежейді, демократиялық институттар мен құндылықтарға, этикалық құндылықтар мен заңдылыққа нұқсан келтіреді, қоғамдық тәртіпті бұзады және халықтың билік пен мемлекеттік органдарға деген сенімін бұзады, тұрақты даму мен заңдылыққа нұқсан келтіреді. Сондықтан әрбір қазіргі заманғы мемлекет үшін сыбайлас жемқорлық, оның әр түрлі көріністерінің жолын кесу және алдын алу, оның таралуына қарсы тұру, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету өзекті проблемалардың біріне айналды. Бұл қазақ қоғамы үшін, оның ішінде Батыс Қазақстан облысы үшін де өзекті.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлықпен күрес мемлекеттік саясаттың басым міндеттерінің бірі және мемлекеттік билік пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ел басшылығының үнемі назарында. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Назарбаевтың «Стратегия-2050 қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «... сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күрт күшейту қажеттігі атап көрсетілген, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы жетілдіру арқылы біздің түпкі мақсатымыз – сыбайлас жемқорлықты құбылыс ретінде жою», - деп атап өтті.

М. Өтемісов атындағы БҚУ студенттері «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының қолдауымен «Мы+Біз» Еріктілер бастамасы» атты халықаралық Ресей-Қазақстан жастар форумына қатысты.


ҚАЗАҚСТАН - РЕСЕЙ жастарының бас қосуы

Форумды «Еуразия халықтары достастығы» Орынбор халықтарының Ассоциациясы және ««Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Ресей халықтары жастар Ассамблеясының қолдауымен аралас, күндізгі-қашықтықтан оқыту форматында ұйымдастырды.

Оның аясында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы «Жарасым» республикалық жастар қозғалысының төрағасы Тимур Жұмырбаев, «Жас Ұлан» ұйымының атқарушы директоры Ақнұр Тұрдалиева, Қазақстан мен Ресейдің басқа да тәжірибелі мамандары екі ел жастары үшін мәдениет, медиа-волонтерлік, ұлтаралық қатынастар саласындағы еріктілік, этномедиа (жанжалдар мен қайшылықтарды реттеудегі делдалдық) тақырыптарында шеберлік сыныптары мен таныстырылымдар және үздік тәжірибелердің тұсаукесерін өткізді.

Презентовали программу «Жас Өркен»

4 ноября в Актовом зале Западно-Казахстанского университета им.М.Утемисова состоялась встреча представителей АО «Самрук-Казына» (г.Нурсултан) со студентами выпускных курсов, а также с выпускниками прошлых лет. Цель встречи - Презентация Программы «Жас Өркен»



Встречу открыла руководитель центра карьеры и трудоустройства Султангужиева А.Ж. Специалист проектной группы АО «Самрук-Қазына» Рашитова Дильдора ознакомила присутствующих с Программой. Программа «Жас Өркен» - инициатива Фонда по привлечению, обучению и развитию талантливых выпускников вузов. Программа включает четыре 5-месячных ротации в портфельных компаниях Фонда под наставничеством топ-менеджмента. Помимо обеспечения прохождения обучения и ротации в компаниях победителям конкурса будет выплачиваться заработная плата, а также оплачиваться расходы за проезд на место ротации и проживание. Целевой группой Программы являются все выпускники вузов 2020, 2021 и 2022 годов (бакалавриат/магистратура), желающие стать профессионалами и начать свою карьеру в ведущих компаниях страны. Встреча прошла в дружелюбной обстановке.

Басты мақсат - ғылымға жетелеу

Информатика кафедрасының ғылыми-әдістемелік семинары аясында «Студенттердің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселелері» тақырыбы бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

Шара кафедра ББ студенттерінің ғылыми зерттеу жұмысын ұйымдастыру мәселелерін талқылау және СҒЗЖ ұйымдастыру тәжірибесімен бөлісу мақсатын көздеді.

Алдымен сөз алған т.ғ.д. профессор Гумаров Ғ.С. студенттердің ғылыми- зерттеу жұмысының (СҒЗЖ) үздіксіз жүйесі үштұғырлы білім беру процесінің ажырамас бөлігі болып табылатынын айта келіп, СҒЗЖ ұйымдастыру мен жүргізудің негізгі мақсаты түлектердің дайындық сапасын арттыру болып табылатынына және ЖОО-да оқытудың барлық сатыларында студенттерді ғылыми жұмысқа тарту жоғары білікті жас ғалымның қалыптасуына бағытталғандығына тоқталып өтті.

Дөңгелек үстел барысында кафедраның СҒЗЖ жетекшісі, аға оқытушы, магистр Курмашева Д.Н. сөз алды. Ол өз сөзінде студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына сипаттама беріп, кафедрадағы жасалып жатырған жұмыстардың ахуалына тоқталды. Осы оқу жылының қазан айында барлық білім беру бағдарламалары бойынша жеті студенттің мақалалары баспадан шыққаны туралы мәлімдеді.

Сонымен қатар, студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруда пайда болатын мәселелер қозғалды. Студенттерді ғылыми жұмыстарға баулу үшін жасалатын алғы шарттар айтылып, оларға мотивация беру, ізденісін бақылау, топпен жұмысқа үйрету, аудиторияның алдында сөйлеуге үйрету сияқты мәселелеріне тоқталып өтті.

Қорытынды сөзді п.ғ.к., доцент А.Б. Медешова түйіндеді. Ол өз сөзінде студенттердің ғылыми зерттеу жұмысымен айналысуына көп көңіл бөлу қажеттігін айта келіп, олардың ғылыми мақала мен баяндама тезисін жазуда, курстық жұмыс пен дипломдық зерттеу жұмысын жазуда үлкен қиыншылықтарға тап болып жүргеніне тоқталды. Қорыта айтқанда, кафедра мүшелеріне студенттерді пәндік олимпиадаға және Республикалық ғылыми зерттеу жұмыстарының байқауына дайындау және студенттермен бірігіп Халықаралық, Республикалық конференцияларға мақала жариялау міндеті жүктелді.

Ғ.Г. МУХАМБЕТОВА,
кафедраның ҒӘС-ның жетекшісі

ҚР Білім және ғылым министрлігінің жаңалықтары

Новости МОН РК

ОКОЛО 7 ТЫСЯЧ ЗАЯВОК ПОДАЛИ КАЗАХСТАНЦЫ ДЛЯ ПОСТУПЛЕНИЯ В МАГИСТРАТУРУ

Около 7 тысяч заявок подали казахстанцы для поступления в магистратуру. По итогам второго приема документов в магистратуру поступило 6778 заявлений. Для обучения в докторантуре было подано более 700 заявлений. «Ранее МОН РК приняло решение о том, что теперь желающие смогут подавать документы в магистратуру и докторантуру два раза в год. Эта новость обрадовала тысячи казахстанцев, которые по тем или иным причинам не имели возможности подать заявку во время традиционного первого приема документов. Теперь при успешной сдаче тестов претенденты смогут выиграть гранты, которые остались неприсужденными по итогам летнего приема», – отметил вице-министр образования и науки Куаныш Ергалиев. Отметим, что комплексное тестирование в магистратуру и вступительные экзамены в докторантуру будут проводиться со 2 по 11 декабря. Поступающие в докторантуру с результатами теста TOEFL ITP будут проходить дополнительное тестирование на знание английского языка. Оно проводится до сдачи вступительного экзамена. Общее количество тестовых заданий составляет 100 вопросов.

Дополнительное тестирование на знание английского языка оценивается в форме «допуск» или «недопуск». Для получения оценки «допуск» необходимо набрать не менее 75 баллов.

Тестирование на знание английского языка, комплексное тестирование и вступительные экзамены проводятся в региональных центрах тестирования. Зимний прием в магистратуру и докторантуру будет осуществляться по результатам тестирования и вступительного экзамена, проведенных в период со 2 по 11 декабря 2021 года. Зачисление в магистратуру и докторантуру пройдет в период с 26 декабря 2021 года по 10 января 2022 года.

«ҮЗДІК ҒЫЛЫМИ ҚЫЗМЕТКЕР» БАЙҚАУЫ ШЕҢБЕРІНДЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ 50 ҮЗДІК ҒАЛЫМЫ 6 МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН АЛАДЫ

Қазақстанның 50 үздік ғалымы 6 миллион теңгеден алады. Ақшалай сыйақылар «Үздік ғылыми қызметкер» республикалық байқауының қорытындысы бойынша берілетін болады. Бұл ғалымдарды қолдауға бағытталған алғашқы ауқымды сыйақы. Өтінімдерді қабылдау 15 қараша басталды. Конкурстың мақсаты – отандық ғылымның дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің еңбегін көтермелеу болып табылады. «Қазіргі таңда отандық ғылым саласында дамудың жаңа сапалы кезеңі байқалады. Ғалымдарымыздың әзірлемелері әлемдік нарыққа шығуда. Жақында ғана біз 14 қазақстандық ғылыми әзірлеменің Қытай, Ресей, Түркия, Грузия, Чехия және Қырғызстанға экспортқа шығарылатыны туралы мәлімдеген едік. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша министрлік ғалымдар мен ғылыми ұйымдардың, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметкерлерін жан-жақты қолдау мәселелеріне назар аударады. Қазақстандық ғалымдарды ынталандыру және ғылыми қызметтің беделін арттыру бойынша шаралар әзірленіп, іске асырылып жатыр. Биыл министрлік алғаш рет еліміздің үздік ғалымдарына 50 сыйақы беретін болады. Олардың әрқайсысы шамамен 6 миллион теңгеден алатын болады. Ғылыми жетістіктерді бағалау бойынша барлық критерий ғылыми және сарапшылар қауымдастығымен бірлесіп, әзірленді. Байқау комиссиясының құрамына еліміздің түрлі бағытта қызмет ететін жетекші ғалымдары мен ғылыми қоғамдық бірлестіктердің өкілдері кірді», – деді ҚР БҒМ Ғылым комитетінің төрайымы Жанна Құрманғалиева. Конкурсқа қатысуға өтінімдер министрліктің <https://universitycontest.iac.kz/bestresearcher/> ақпараттық жүйесі арқылы электрондық форматта 15 желтоқсанға дейін қабылданады.

УЧЕНЫЕ ЗКУ ВЫИГРАЛИ ГРАНТ

на исследование водоемов и озер

С ноября 2020 года реализуется проект грантового финансирования Комитета науки Министерства образования и науки на тему АР08856374 «Оценка состояния гидробионтов и микробиома водоема Западного Казахстана и прогноз их изменения», в рамках которого весной 2021 года был проведен выезд для осуществления полевых гидробиологических и геоботанических исследований на озерах Брусяное (Байтерекский р-н), Шалкар (Теректинский р-н), Сулуколь, Сорколь (Чингирлауский р-н), Глубинное (Акжайыкский р-н), Едильсор, Айдын, Сары Айдын (Жанакалинский р-н), Рыбный Сакрыл, Сарышыганакское водохранилище, (Казталовский р-н), Прорва (пос. Желаетово). Собраны образцы прибрежных водных растений, отобраны пробы фитопланктона.



Главным индикатором трофического статуса водоемов является фитопланктон. При повышении трофности водоемов происходит увеличение биомассы синезеленых и эвгленовых водорослей, а доля диатомовых и золотистых снижается.

12 қараша күні т.ғ.к., «ҚР тарихы» кафедрасының аға оқытушысы Муханғалиева Жанар Кажмуханбетованың және БҚО Дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығының» КММ дін мәселелері бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстары бөлімінің дінтанушы маманы Қуан Армат Құлымбетұлының ұйымдастыруымен Ист-11 тобына арналған «Дін – тәрбие діңгегі» атты кураторлық сабақ өткізілді. Шараның мақсаты – студенттерді қазақ халқының діни ұстанымы мен салт-дәстүрлерін қастерлеп сақтауға баулу, ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға ат салысу.

Дін – тәрбие діңгегі

Кураторлық сабақ барысында ислам дінінің ұлттың тәрбиесіндегі қызметі жөнінде бейнеролик көрсетіліп, «дін», «наным-сенім», «конфессия», «секта», «экстремизм», «терроризм» және т.б. Ұғымдарға түсініктер берілді, әлемдік негізгі дін тармақтары – ислам, христиан, буддизм діндерінің қалыптасу, даму тарихы мен қазіргі таңда қоғамдағы рөлі талданылды.



Как проинформировал ректор университета, академическая самостоятельность – это свобода в разработке, реализации и постоянное обновление образовательных программ.

«Если раньше у нас был стандарт ГОСО – государственный образовательный стандарт, в котором у нас было прописано все – сколько должно быть академических часов, например, той же философии, и сколько спецпредметов, то сейчас время изменилось: академическая самостоятельность дает нам возможность самим формировать свои образовательные программы. ГОСО – это была калька, которой мы должны были обязательно придерживаться и за пределы которой мы не должны были выходить. Сейчас мы формируем обучение студентов в зависимости от потребности работодателей, потому что работаем на рынок», – отметил руководитель университета.

Кроме того, Казахстан имеет огромную территорию со своими региональными особенностями. Это очень важно, так как экономика в каждой области разнится. Например, в одном регионе больше нефти и газа, в другом – угля.

«Академическая самостоятельность дает нам возможность отойти от государственного стандарта и дает больше свободы. Но при этом возрастает и ответственность вузов, потому что наши студенты должны быть трудоустроены. Если говорить о нашем университете, то у нас трудоустройство составляет 85 – 87%. Потому что у нас – своя фишка: мы в основном готовим по педагогическим специальностям, которые составляют 70 % от общего количества образовательных программ. Но, повторюсь, это и большая ответственность. Свобода ведь не означает безответственность, а наоборот, предполагает ответственность», – добавил Нурлан Сергалиев.

Но, по его мнению, на самом деле это дает очень большой плюс.

«Мы к разработке образовательных программ обязательно привлекаем работодателей. Это представители бизнеса, школы, образования, банков, которые говорят, какие компетенции для них важны. И в соответствии с их потребностями мы выстраиваем траекторию обучения. Это и есть академическая самостоятельность. Но при этом очень важно, что все наши образовательные программы обязательно проходят внешнюю экспертизу. Есть реестр образовательных программ, куда вне зависимости от формы собственности университета отправляются программы и там проводится внешняя экспертиза. То есть эксперт оценивает, насколько качественна программа, соответствует ли она потребностям рынка. И только после заключения экспертизы эта образовательная программа начинает работать и мы набираем студентов», – резюмировал ректор Западно-Казахстанского университета имени Махамбета Утемисова.

- Что означает управленческая самостоятельность вузов и какие плюсы она дает?

– Поскольку мы стали некоммерческим акционерным обществом, мы теперь считаемся квазигосударственным сектором, субъектом предпринимательства. Управленческая самостоятельность предполагает, что у нас есть орган управления – совет директоров, в которой входит единственный акционер, входят независимые директора, независимые от правления университета. И мы можем сами решать свои организационные вопросы. Например, распоряжаться имуществом. До реформы, до перехода в НАО наше имущество принадлежало Минфину и было государственным. Даже когда сдавали в аренду свободные площади, арендная плата уходила в бюджет. Университет не мог распоряжаться заработанными деньгами.

- То есть теперь сам университет решает, куда и как потратить заработанные средства?

– Да. Сейчас наше имущество передано нам, мы за него сами отвечаем и можем его использовать. Например, мы сдаем в аренду пункты питания, эти деньги поступают в нашу кассу. Это и есть наша управленческая самостоятельность. Мы сами распоряжаемся своими финансами, и можем потратить их на развитие университета, или мотивировать студентов повышенными стипендиями, поощрить, поддержать их, и на законных основаниях помочь малообеспеченным студентам. Все подобные решения утверждаются на ученом совете. Управленческая самостоятельность предполагает, что мы можем очень

АКАДЕМИЧЕСКАЯ СВОБОДА – ЭТО БОЛЬШАЯ ОТВЕТСТВЕННОСТЬ

Как трансформируется Западно-Казахстанский университет имени Махамбета Утемисова и поэтапно расширяет академическую и управленческую самостоятельность корреспонденту портала kazlenta.kz рассказал ректор вуза Нурлан Сергалиев.

О поэтапном расширении академической и управленческой самостоятельности вузов с учетом опыта Назарбаев Университета и трансформации вузов в НАО в соответствии с международной практикой говорится в 78 шаге Плана нации Елбасы «100 шагов».

оперативно решать управленческие финансовые вопросы, своевременно реагировать на запросы работодателей.

- Академическая и управленческая самостоятельность взаимосвязаны?

– Да, взаимосвязаны. Когда мы получили академическую и управленческую самостоятельность, начали развивать двойные образовательные программы. Сейчас мы видим, что у нас много малоконтактных школ. Туда приходит учитель, закончивший обучение по специализации «биология». Он приехал в село, а часов в школе по его предмету недостаточно. Вести занятия по другим дисциплинам он не может, потому что он биолог. Академическая самостоятельность дает нам возможность применять двойные образовательные программы, по которым этот учитель получает образование по двум дисциплинам – он и химик, и биолог. Также используются такие двойные программы, как химия и биология, физика и информатика, история и право. Для учителя это большой плюс: он может быть более мобильным в трудовом отношении. Он получает зарплату больше, может брать дополнительную нагрузку.

Западно-Казахстанский университет разработал стратегию подготовки специалистов не только с высшим образованием, но и со средне-специальным, передает корреспондент kazlenta.kz.

Это стало возможным в ходе поэтапного расширения академической и управленческой самостоятельности вузов с учетом опыта Назарбаев Университета и трансформации вузов в некоммерческие акционерные организации в соответствии с международной практикой, описанных в 78 шаге Плана нации Елбасы.

«В этом году мы получили дополнительную лицензию и можем принимать обучающихся по программе среднего специального образования, то есть по программе колледжа. Что это дает? Если раньше выпускник колледжа, закончив его, приходил к нам, сдавал вступительные экзамены и учился еще три года для получения высшего образования, то сейчас мы выстраиваем свою образовательную программу в колледже таким образом, чтобы обучающийся, получая средне-специальное

К примеру, по юридическим дисциплинам Западно-Казахстанский государственный университет приглашает на работу судей, работников прокуратуры и других специалистов-практиков.

«Управленческая самостоятельность позволяет нам расширить категорию лиц, привлекаемых к учебному процессу, в том числе именно практиков. И мы сами определяем квалификационные требования к преподавателям. У нас 178 образовательных программ. Это 91 программа бакалавриата, 81 программа магистратуры. 70 процентов из них относятся к программам образования. Мы не только разрабатываем, обновляем, интегрируем в реестр новые программы, но также мы делаем анализ востребованности программ образования, актуальности образования», – отметил Нурлан Сергалиев.

Он проинформировал, что вся полученная прибыль направляется только на развитие университета.

«Служба внутреннего аудита подчиняется совету директоров университета. Совет директоров рассматривает и утверждает планы развития университета, распределение финансов и чистой прибыли. Мы только представляем свое видение. Наша стратегия прямо коррелирует с программой развития образования на 2020 – 2025 годы», – прокомментировал ректор вуза.

Кроме того, Западно-Казахстанский университет тесно сотрудничает с Назарбаев университетом.

«Мы проводим на базе нашего университета обучающие семинары, ведем совместную работу по разработке и обновлению образовательных программ, проводим очень важные разработки по критериям оценки, студентоориентированное обучение. Также мы прорабатываем проекты по модернизации педагогического образования. Шесть наших сотрудников из числа профессорско-преподавательского состава принимают участие в проекте Всемирного банка по усилению потенциала педагогического образования. Будут разработаны 30 образовательных программ. Это совместные разработки с Назарбаев университетом. В этом году у нас первый этап проекта, в ноябре начинается



образование, мог плавно перейти на уровень получения высшего образования, и срок его обучения составит два с половиной года, а иногда и два года. Мы ему засчитываем те предметы, которые мы ему даем на уровне колледжа. Таким образом сокращается срок обучения. Также выпускник нашего учебного заведения получает и диплом колледжа о средне-специальном образовании, и диплом высшего учебного заведения – диплом бакалавра. Здесь опять же у выпускника появляются возможности трудовой мобильности», – сказал ректор Западно-Казахстанского университета Нурлан Сергалиев.

Кроме того, по его словам, академическая и управленческая самостоятельность дает вузу большой плюс, который теперь может сам решать, кого нанимать на работу. Специалиста, магистранта, кандидата наук или доктора.

«Мы сейчас пришли к тому, что мы можем принимать на работу по гражданско-правовому договору, то есть не в штат, а почасовиков, пришедших именно с производства. Они занимают до 20 процентов часов. Он не кандидат наук, не профессор, у него нет академического опыта, но он практик. Это плюс», – добавил руководитель университета.

второй этап. Дальше наши сотрудники поедут в Финляндию для того чтобы ознакомиться с финской моделью образования», – пояснил Нурлан Сергалиев.

По его мнению, одной из основной миссий ведущих вузов является миссия подъема уровня региональных вузов.

«Министерство образования и науки это понимает и поддерживает эту миссию. В образовании, тем более в школьном, не бывает мгновенных результатов. Это не картошку и не кукурузу вырастить. Все это мы должны учитывать при разработке инновационных образовательных программ. Пять лет назад в Казахстане начали применять опыт НИШ в школах. Это программа обновленного содержания. Но первые результаты этой программы обновленного обучения мы увидим только через 5-6 лет. Ведь для этого нужно время. Еще раз подчеркну – дети – это не картошка, не помидоры, не кукуруза, которые вырастают за одно лето. Это нужно понимать очень четко», – подчеркнул руководитель вуза.

<https://kazlenta.kz/43830-rektor-zapadno-kazhastanskogo-universiteta-akademicheskaya-svoboda-eto-bolshaya-otvetstvennost.html>

Азаттық аңсаған «14»

Тарихи тағылымды шараға 1995 жылы «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы туралы алғаш рет баспасөзде мақала

жариялаған, «Сол бір сүргін» еңбегінің авторы ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Шахин Аманкелді, құпия

ұйымның мүшесі Сатқали Молдағалиевтің қызы Нұржиян Сатқалиқызы, және осы ұйым туралы архив деректері негізінде алғаш ғылыми зерттеу жүргізген облыстық маслихат депутаты, тарих ғылымдарының кандидаты Жақсығалиев Жаңабек шақырылды. Кездесу кеші азаттық жолында құрбаны болған 14 жас боздақты үнсіз еске алумен басталды. Шара соңында қорытынды сөз алған бүгінгі жас ұрпақ студенттер, мәнді де мазмұнды кештің өте әсерлі болғанын айтып ризашылықтарын білдірді. Енді бірі ұйымға қатысқан 14 боздақтың әрекетін «көзсіз ерлік» деп бағалап, құпия ұйым туралы алғаш естіп отырғандықтарын да жасырмады. Түйінді ой, азаттық үшін күрескен Ғ.Әнесовтың «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы туралы Жалпы орта білім беретін мектеп бағдарламасына енгізу біріншіден, жас ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыру міндетін жүктейді.



Алаш идеясы - тәуелсіздік идеясы

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 2 қараша күні Тарих, экономика және құқық факультетінде Алаштану ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен Тарих мамандығының 1-4 курс студенттері арасында «Алаш идеясы – тәуелсіздік идеясы» атты дөңгелек үстел өткізілді.



«Тәуелсіз елдің мүддесін әлемдік деңгейде жетілдіру үшін, өткенді біліп, бүгінгіні талдап, болашақты болжау керек. Тарихи сананы қалыптастыру бүгінгі өмірлік қажеттілік. Сондықтан студенттердің ғылыми ізденіс жұмыстарына бейімділіктерін қалыптастырып, тарихи дерекқұжаттарды пайдалану әдістерін меңгерту дөңгелек үстелдің негізгі мақсаты», - дейді аталмыш орталықтың жетекшісі т.ғ.к., доцент Б.С.Боранбаева. Шараға қатысқан зерттеуші студенттер халыққа әлі де кеңінен танылмай келе жатқан алаш тұлғалары Ғ.Әлібеков, Ғ.Бердиев, Н.Ипмағамбетов, Д.Күсепқалиев, Қуанай хазірет, т.б. сондай-ақ 1920-1922 жылдардағы Бөкей және Орал губернияларындағы ашаршылық, «1941 жылы Жалпақталда құрылған анти

кеңестік «Қазақ халқын қорғаушылар одағы» ұйымы» тақырыптары бойынша баяндамалар жасады. Дөңгелек үстелге шақырылған өонақ «AQJOL» ҚДПБҚОФ төрағасының орынбасары Б.М.Ізмағанбетов студенттердің алаш тарихын зерттеудегі ізденістеріне сәттіліктер тіледі. Сондай-ақ факультет деканының орынбасары Майманова Н.Н. Қазақстан Республикасы тарихы кафедрасының профессор оқытушылары қатысып, қорытынды сөз сөйлеген т.ғ.к., Ж.Ж.Жақсығалиев жас зерттеуші ғалымдарға ризашылығын білдіріп, тарихи тақырыптар бойынша ой-пікірлерімен бөлісті. Шара соңында жас ғалымдар алғыс хатпен марапатталды.

Гүлғасыл ЖАЙЛАН,
Ист-41 тобының студенті

Жаңа оқу жылының басы М.Өтемісов атындағы БҚУ-нің «Дәстүрлі музыкалық және орындаушылық өнер» кафедрасы студенттері үшін жетістікке толы болды.

Қос ішектілер жеңісі

Е.Ш.Нұрымбетовтың жетекшілігімен ҚР Тәуелсіздігіне 30 жыл, Бөкей хандығына 220 жыл, Жәңгір мектебінің 180 жылдықтарына арналған «Бөкей ордасы – қасиетті құт мекенім» облыстық домбырашылар байқауында ТМИ-13 студенті Абуханов Тұрлыхан Гран При, ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Күй – тектілік тереңі» облыстық жас күйшілер сайысында ТМИ-41 Байғұтты Қайрат 1 орын, Мәскеу қаласында онлайн өткен «Звездная осень» халықаралық конкурс-фестивалінде аспаптық жеке орындаушылар арасында ТМИ-31 студенті Баймұқамбет Жәмилә І дәрежелі лауреат атанса, Қазақстанның халық артисі Тұяқберді Шамеловтың 70 жылдығына арналған І Республикалық әншілер мен домбырашылар конкурсында ТМИ-13 студенті Абуханов Тұрлыхан жүлделі 3 орынға ие болды. Сонымен қатар, Е.А.Губайдуллиннің жетекшілігімен ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған «Күй – тектілік тереңі» облыстық жас күйшілер сайысында ТМИ-21 студенті Кибашева Айзада 3-орынды қанжығасына байлады. Барша жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында танымал қазақстандық авторлардың поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті және аударма саласындағы 30 үздік шығармасы жалпыхалықтық оқуға іріктелді. Акция аясында қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар» шығармасын оқу таңдап алынды. Сонымен бірге Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми кітапханасы мен мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының ұйымдастыруымен «Дала қоңырауы» атты ағартушы өмірі мен рухани мұрасына арналған әдеби кеш өтті.

«Дала қоңырауы»



Шараға оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты. Кеш Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына арналған бейнебаяннан бастау алды. Аға оқытушы, магистр Жанаргүл Жұмабайқызы, оқытушы, магистр Гаухар Елемесқызы Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына тоқталып өтті. Өрмен қарай бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі мамандығының 1 курс студенттері Ғазез Нұрай, Бейісова Мөлдір, Туякбаева Ділназ, Нуржанова Ақжан, Серікбай Айнұр, Биғалиева Альбина, Аманжолова Зарина, Төлегенова Дана, Тағай Сымбат Ы.Алтынсариннің өлеңдерін нақышына келтіре оқыды. Дәстүрлі өнер халық аспаптары мамандығының 1 курс студенттері Базарбаева Ақниет, Курманкулова Салтанат «Балбырауын»

күйін орындады. Шарада «Дала қоңырауы» атты кітап көрмесінде Ыбырай Алтынсариннің еңбектері, ол туралы жазған белгілі ақын-жазушылардың кітаптары мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізбегі орын алды. Кеш соңында оқырмандарды қамту бөлімінің меңгерушісі Акайна Оқасқызы белсенділік танытқан студенттерге өз ризашылығын білдірді. Шараның басты мақсаты Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына деген қызығушылықты ояту, ұлттық мақтаныш сезімін, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру. Ыбырай Алтынсарин бар өмірін ағартушылық арнасына бағыттады. Өз заманындағы жастар мен болашақ жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі үшін ізденді, ізгі мұра қалдырды.

Страна, в которой я живу!

19 ноября на кафедре экономики и менеджмента было организован конкурс презентации «Страна, в которой я живу!», посвященной 30-летию Независимости Республики Казахстан с участием студентов 3 курса специальностей экономики, туризма и менеджмента.

Цель данного мероприятия - это развитие познавательного интереса студентов к истории страны, воспитание чувства любви и гордости за свою страну. Студенты активно рассказывали о проблемах истории становления Казахстана как суверенного и независимого государства, называли основные законы, утвердившие суверенность и независимость, представили презентационные работы, где они проявили свои творческие подходы, дополнительные доклады, чтение стихов по данной теме.

По итогам конкурса 1 место присудили:

Бакировой Наине, студентке группы ЭиМ-22,

2 место - Исалиевой Айжұлдыз - Т-32, 2 место - Дуйсековой Мадине т/у -34,

3 место - Саматкызы Алмагуль мен-32.

Организовали преподаватели кафедры экономики и менеджмента Черемухина О.В., Егзалиева А.Б., Антонова Н.М.

Мәдениет майталманынан шеберлік сағаты

Қараша айының 16-19 күндері аралығында М.Өтемісов атындағы БҚУ Мәдениет және өнер факультетінде дәстүрлі музыкалық және орындаушылық өнер кафедрасының ПОҚ Е.Ш.Нұрымбетов және Қ.Л.Қисметов бастамашылдығымен ұйымдастырылған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының профессоры, домбыра кафедрасының меңгерушісі, ҚР мәдениет қайраткері, білім беру ісінің құрметті қызметкері, Қазақстан композиторлар одағының мүшесі Төлепберген Төрахметұлы Тоқжановтың Шеберлік-сыныптары өтті.



Жоғары оқу орындары арасындағы профессорлық-оқытушылық құрамның академиялық ұтқырлық бағдарламасы аясында дәрістер оқылып, практикалық сабақтар жүргізілді.

«Домбыра, домбыра-прима, шертер, қобыз, сырнай аспаптарына арналған концерттік және педагогикалық репертуарды меңгеру әдістері» атты Шеберлік

Сыныбында қазақтың аспапты музыкасында орныққан көптеген туындылардың қазіргі кезде пайдаланылуы мен орындаушылық ерекшеліктері сарапталып, талданды.

Алғашқы шығармашылық кездесуді факультет деканы, PhD докторы Кажимова К.Р. ашып, көрнекті тұлғаның шығармашылық еңбектері және оқу құралдары туралы айтып, факультеттің тыныс-тіршілігімен таныстырды. Кездесуге қатысқан ПОҚ және студенттер музыка өнеріне қатысты өзекті мәселелер бойынша сұрақтар қойып, жауап алды. Сабақ барысында музыка ғылымының даму бағыттары, композиторлардың жаңа туындылары, музыка өнеріндегі пәнаралық байланыстар жөнінде пікір айтылды. Кафедра меңгерушісінің м.а., өнертану кандидаты Ерғалиева А.Т. осындай шығармашыл тұлғалармен кездесіп, орамды ойларын тыңдап жетілген студенттік қауым келешекте үлкен бастамашылдық еңбектерді атқаруға қабілетті болатыны туралы ойын ортаға салды.

Студенттер профессор Т.Т.Тоқжанов алдында домбыра, шертер, баян, қобыз аспаптарына арналған шығармаларды орындап, көптеген әдістемелік кеңес алды. Профессор білім алушылардың кәсіби деңгейін жоғары бағалап, Қазақстанда өнер бағытындағы білім бағдарламаларын дамытуға бағытталған жоо санаулы екенін атап өтіп, университет басшылығына ерекше ризашылығын білдірді.

Даланың дара ұстазы

Қараша айының 18-жұлдызында қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 80 жыл толуына орай ПиП-

21 тобының магистранттары Суйншкалиева Азиза мен Габбасова Лайланың ұйымдастыруымен «Дара тұлға» атты кураторлық сағат оздырылды.

Оған СПС-42, ПиП-42 тобының студенттері қатысты.



Шара байқау түрінде өтті. Қатысушылар 2 топқа бөлініп, сайысқа түсті. Алғашқы кезеңде студенттер Ы.Алтынсариннің өмір жолын, шығармашылығын презентация арқылы таныстырып өтсе, 2-кезеңде тақтадағы түймедақтың астына жасырылған сұрақтарға жауап берді. Ал, соңғы бөлімде қатысушылар жазушының шығармаларынан театрландырылған көрініс сомдады.

Сайыс соңында әділқазылар өз бағасын беріп, жеңімпаз топқа сыйлықтарын тарту етті. Кеш естелік суретке түсумен қорытындыланды.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА,
ПиП-21 тобының магистранты

Старт спартакиада!

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 1-курс студенттері арасында қараша айының 16-19 аралығында 10 спорт түрлерінен спартакиада өтті.

Дәстүрлі шара бұл жолы тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай ұйымдастырылған. 6 факультеттен құралған командалар әр спорт түрі бойынша шеберліктерін сынға салды. Жарыс жалауы көтерілгенше факультеттер ішінде іріктеу сайыстар өткізіліп, құрама командалар жасақталған.

Басты мақсат - жастар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, олардың оқумен қатар спортқа деген ынталарын арттыру. Дене шынықтыру кафедрасының меңгерушісі Людмила Демченконың сөзінше: БҚУ - еліміздің бетке ұстар ЖОО-ның бірі болғандықтан, сәйкесінше біздің студенттер спорттық сауықтыру шараларының басы-қасында жүреді. Қашан да тәрбиемен қатар тәттің саулығын басты орынға қоятын шәкірттер

барда бұл сабақтастық үзілмейтініне сенемін! - деді.

Жарыстың әр күні түрлілігіне қарай тартысты болды. Факультет намысын қорғаушылар жеңісті оңайлықпен бермеуге тырысты. Жалпы есепте өзгелерден оза шапқан физика-математика факультеті топ жарып, жүлделі 1-орынға ие болды. Ұйымдастыру алқасында қызмет еткен Бессмертнов Павел Александровичке ақпарат ұсынғаны үшін алғыс білдіреміз!



Путь к литературе лежит через театр

В октябре 2021 года студенты кафедры русской филологии Западно-Казанского университета им.М.Утемисова посетили театр и стали зрителями постановки драмы А.Н.Островского «Последняя жертва».

По просьбе и пожеланию студентов 27 ноября в Уральском драматическом театре им. А.Н.Островского вновь состоялся специальный показ уже спектакля «Женитьба» по комедии Н.В.Гоголя. Данное мероприятие посетили не только студенты филологического факультета, но и обучающиеся других неязыковых специальностей, которые изучают практический курс русского языка, совершенствуя свои знания.

Зрителей удалось впечатлить не только богатыми необычными декорациями, и в то же время, придающими определённую атмосферу, музыкальными вставками, яркими костюмами – красочностью представления в целом, но и живостью и лёгкостью актёрской подачи. Актёры М.Ларин, С.Романова, Р.Джумахметов, В.Котельников, Ю.Недопёкин, Т.Столярова и другие под руководством главного режиссера О.М.Малуши блестяще передали авторский замысел.

Действие спектакля разворачивается вокруг своеобразных женихов: надворного советника Ивана Кузьмича Подколёсина, экзекутора Ивана Павловича Яичницы, бывшего моряка Балтазар Балтазаровича Жевакина и отставного пехотного офицера Никанора Ивановича Анучкина, которые пришли посмотреть на невесту – Агафью Тихоновну Купердягину, дочь купца. Актёрам удалось не только рассказать нам историю о неудавшейся женитьбе, но и показать и быт чиновничьей среды, и характеры эпохи, а также мировоззрение и психологию людей того времени через призму юмора, иронии и порой – сатиры. Герои готовы отказаться от искренности чувств и любви ради улучшения своего благосостояния и повышения социального статуса. Поэтому думается, что на протяжении развития событий пьесы, всех зрителей волновали два главных вопроса: решится ли жениться Подколёсин после его фразы: «Как же не странно: все был неженатый, а теперь вдруг – женатый», и кого из кандидатов выберет себе в мужья главная героиня: «Если бы губы Никанора Ивановича да приставить к носу Ивана Кузьмича, да взять сколько-нибудь развязности, какая у Балтазара Балтазарыча, да, пожалуй, прибавить к этому ещё дородности Ивана Павловича — я бы тогда тотчас же решилась».

Во время показа зритель вёл себя скромно, тихо и был немного скуп на эмоции, возможно, слишком погружённый в атмосферу «Женитьбы», однако после просмотра зал не поскупился на бурные овации и после закрытия занавеса то тут, то там – отовсюду, слышались восторженные голоса молодых зрителей. Некоторые из них осмелились дать комментарий. Многие из них в первую очередь отметили плоды трудов актёров театра.

Организатор такого «культурного похода» студентов в театр, доцент кафедры русской филологии Гульнара Сидегаалиевна Умарова видит другую сторону восприятия студентами-зрителями в храме искусства. Она полагает, что звучание живого русского литературного СЛОВА оказывает неоценимую роль в восприятии картины мира русского народа, русской литературы и культуры студентами русской филологии, окончившими казахскую школу и пожелавшими стать учителями русского языка в школах с нерусским языком обучения.

Слушая комментарии, остаётся только радоваться, что студенты с таким проникновением восприняли постановку пьесы и что, несмотря на стереотип: основной зритель зала – человек преклонного возраста, молодое поколение всё же приобщено к театру. И действительно хочется верить, что для тех, кто не знаком с классикой, театр станет проводником в мир литературы.

Жанна АВТАЕВА,
студент 4 курса специальности
«Филология: русский язык»



ФИЛОЛОГИЯ факультеті

«Біз де студент боландыз...»



Адамның ересек өмірге қадам басуының бастауы болған студенттік жылдар - оралмас тәтті естеліктер. Балғын шақтың қызығы мен шыжығы қатарласқан сәттерді адам есте ұмыта алмас. «Студентше түсінік»-пен «тар жол, тайғақ кешкен»-і бар, «махаббат қызық мол жылдар»-дың өзі - жастықтың қайталай еске алудан жалықпас тарауы дерсің...

Арада талай жыл өтсе де, өткеннен айтары көп жан-дармен студенттер күні қарсаңында қара шаңырағымызда ҚТӨ 35, ҚТОМҚТӨ 41-топ студенттерінің ұйымдастыруымен «Біз де студент болғанбыз» атты кездесу өтті. Кешіміздің қонақтары - филология ғылымдарының докторы, профессор **Мұрат Бөкенбайұлы**, республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша меншікті тілшісі **Қазыбек Құттымұратұлы** және театр және кино әртісі, “Құрмет” төсбелгісінің иегері, көрермен көзайымына айналған «Келінжан», “Туысқандар” телехикаяларын-

**Басылмаған жүректе аптабым бар,
Жастығымды іздеймін хаттарыңнан.
Ескерткіш боп қолымда альбом қалды,
Студенттік албырттау шақтарымнан.**
Ғайсағали Сейтақ

дағы образымен белгілі **Жұлдыз Қайырбекқызы**.
Өнер. Білім. Мәдениет... Үш бірдей саланың үздіктерімен бас қосқан

филология факультетінің студенттері қонақтарға жылы лебізін білдіріп, қойған сұрақтарына ұтымды жауап ала отырып пікір алмасты.Бұдан бөлек өздерінің студенттік жылдарындағы қызықты оқиғаларын баяндап, еске алды. Студенттердің сұрауымен қонақкөде ретінде ән шырқап, өлең оқыды.

«Ең алдымен адам өз бастаған ісіне махаббатпен кірісу керек. Білім алуға ұмтылыңдар, арман еңбекті қажет етеді» дейді олар. Расында, жастықтың жалынымен туындаған жүрек түкпіріндегі арманға еңбек қана жеткізеді емес пе?

**Оралмайтын сәттері - мұңы мыңның,
Сағыныш бар дәл осы менше кімде?
Студенттік жылдарын ғұмырымның
Айырбасқа қимас ем, бөлшегін де!**

(А.Кункакова)

ҚТӨ/У-35 студенттері

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде ҚТӨ-43 тобының ұйымдастыруымен «Жайықтың дара қызы-Дариға» атты әдеби сазды кеш өтті.Кеш өте жоғары деңгейде, әсерлі өтті.

Жайықтың дара қызы - ДАРИҒА!

Кеш Дариға Мұштанованы күтіп алумен басталып, оның өлеңдерін оқумен жалғасты. Кеш барысында Дариға Мұштанова өзінің өмірлік жолының қызықты сәттерімен бөлісті. Өзінің мұғалімдік өмір жолын қалай бастағанын, қандай қызықтары болғаны жайында айтып студенттерді біраз күлдіртті және өзінің «Сынық домбыра», «Күзгі мұң» өлеңдерінің тарихы туралы сыр шертті. Кеш барысында болашақ ұстаздарға өзінің тәжірибесімен бөлісіп, кеңестерін айтты. Кеш соңында «Беу, қыздар-ай!» атты ән шырқады. Көрермендерге ән өте қатты ұнады. Дариға Мұштанованың ақыл-кеңестерін тыңдап, өмірлік тәжірибесінен үлгі аламын. Осындай кешке келіп, қызықты әрі пайдалы ақпараттармен бөліскені үшін алғысым шексіз!



Аружан МҰРАТ,
Филология факультетінің 1 курс студенті

Бауыржан Ғұбайдоллинмен кездесу кеші

19-қарашада М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетінің филология факультетінің, қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының ҚТӨ-41 топ студенттері «Биленбеген вальс» кітабының авторы, жазушы, журналист Бауыржан Ғұбайдоллинмен кездесу кешін өткізді.

Шара барысында студенттер автордың «Биленбеген вальс» шығармасы желісімен қысқаметражды фильмнен үзінді көрсетті. Жайық жағасынан түлеп ұшқан ұл-қыздарының өлеңдері оқылып, шара барысында күмбірлеген күй, әуелеген әнмен жалғасты. Тағылымы мол кездесу барысында автор өз сөзімен жас ұрпақты жақсылыққа, әділдікке, шынайы болуға шақырып, өмірлік ақыл-кеңестерін айтты. Х.Бөкеева атындағы қазақ драма

театрының директоры Н.Тасболатов «Күтпеген кездесу» әнін шырқады. Студенттер көкейдегі сұрақтарымен бөлісіп, ұтымды жауап алды. Осындай керемет кездесу кешін қорытындылайтын болсам, көпті көрген Бауыржан ағамыздың жас студенттерге айтқан ақыл кеңестерінен өзіме түртіп алғаным “жас кезіңді оқумен өткіз, оның ешқандай артықшылығы жоқ жемісін өзің көресің” деп, оқудың орнын, артықшылығын сонымен бірге, өмірдің маңыздылығын да атап өтіп еді. Біз қазір не жасасақ та жемісін түбі өзіміз көреміз, азығын өзіміз жиміз. «Бұл заман білекке сенетін емес, білімге сенетін заман» автор осы сөзді де тілге тие кетті. Жас мұраты - білім, тәлім, тәрбие...

Өнер, оқу — жастықтың қару жарағы. Сол себепті үнемі ізденіс үстінде жүрейік. Бүгінгі біздің әрекет, амалдарымыз ертеңгі біздің болашағымыз!

Айсана ЖАНДАРБЕКОВА,
Филология факультетінің 1 курс студенті

«SEN SAY» интеллектуалды сайысы

Факультетімізде студенттер арасында«Sen Say» атты интеллектуалды сайыс өтіп отырады. Сайыстың мақсаты: студенттердің бос уақытын қызықты өткізу, ой ұшқырлығын дамыту. Қараша айының 15-і күні сайыстың III кезеңі өтті.

Сайысқа қатысушылар 2 топқа бөлініп, 16 түрлі сұраққа жауап берді. Сайыс өте бәсекеге толы, тартысты әрі қызықты өтті. Сайысқа қатысушылар ұяшықтар таңдау арқылы өздерінің тапсырмаларын білді.Өздеріне берілген сұрақтарға жауап беру арқылы қатысушылардың ой ұшқырлығын, жан-жақты екендігін аңғардық. Сайыста студенттік ректорат қонақ болып, төрешілік етті. Кеш соңында сайыстың жоғары деңгейде өткендігін айтып, жылы лебіздерін, алғысын білдірді. Сайысқа қатысушылар дипломдармен марапатталды.

Назкен ИВАНОВА,
Филология факультетінің 1 курс студенті

“Ақиқат сөзде алалық жоқ”

Шындыққа жаны құмар бұл турнирдің қорытындысы мынандай еді:

1-орын Зейнуллин Ақтілек және Қамитова Аяулымнан құралған “Calurso” фракциясы иеленген болса.

2-орынды Латифов Санжар және Темирханова Айнарадан құралған “Маса” фракциясы жеңіп алды.

Ал 3-орынды Нұрлан Арман және Байзуллина Айнарадан құралған “А” фракциясы жеңісті өз қоржындарына байлады.

Жүлделі орындардан бөлек “Үздік талпыныс” номинациясы бойынша Хамидуллин Мадияр және Әжмұратова Зерігүлден құралған “SenSay” фракциясы марапатталды.

Сонымен қатар, 24 спикердің арасында басып озған “Ақиқат пікір-талас орталығы” ЖҚБ координаторы Нұрлан Арман “Үздік спикер” номинациясын ұтқан болатын. Ал, “Ақиқат пікір-талас орталығы” ЖҚБ-ның әлеуметтік желілер бойынша төраға орынбасары Оразова Аида “Үздік төреші” номинациясының иегері атанды.

Қатысқан студенттерге толағай табыс тілейміз. Ақиқаттың шыңына бірге көтерілейік.

Бибі ЖАЙЫҚ,
Филология факультетінің 1 курс студенті

«СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ!»

Спорт - елдің мерейін асырып, абыройын тасытатын сала!Қараша айының 16-19 күндері аралығында Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 30-жыл толуына орай Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 1-курс студенттерінің арасында факультет аралық спартакиада өтті.

Спартакиаданың мақсаты: спортты насихаттау мен дамыту, студенттердің спортқа қызығушылығын арттыру, денсаулығын нығайту. Спартакиаданың ашылуы

салтанатты түрде өтті. Спартакиаданың шымылдығы Түймеш Малбағарқызының сөз сөйлеуімен ашылды. Ол жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеп, студенттерге



сабақпен қатар спортты да алып жүрудің маңыздылығын айтты. Филология факультеті өз ұтыстарын қанжығасына байлады. Атап айтсақ, «Үстел теннисінен» І орынды, «Шахмат», «Футбол» және «Волейбол» жарысынан ІІІ орынды иеленді! Ұлтымыздың ұлы ұстанымы – қастерлі «Тәуелсіздігіміз» барша жұртымыздың патриоттық рухымен асқақтай берсін! Жарысқа қатысушыларға алдағы уақытта жеңіс пен сәттілік серік болсын!

Гульназ АЮПОВА,
Филология факультетінің
1 курс студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
Иванова Назкен

БҚУ жастары Елорда төрінде

2 қараша күні Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің бір топ алғыр жастары Л.Гумилев атындағы ЕҰУ-ге іс сапармен барды. Өзара ынтымақтастық пен бірліктің белгісі ретінде өткен бұл шара, жастарға мол өнеге, қайталанбас тәжірибе берді.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы мен «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында өткен бұл шара жалынды жастарымыздың ЕҰУ-мен, соның ішінде Күлтегін ескерткіші, «Жазу тарихы», «Лев Гумилев» музейімен танысумен басталды. Ары қарай «Тәуелсіздік және жастар: мұрат бірлігі» тақырыбындағы дөңгелек үстелге жалғасып, пікір алмасты. Сөздің әлқиссасын Басқарма мүшесі-Өлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор, академик Дихан Қамзабекұлы бастап, университет тарихымен танысты-

рды. Күлтегін неліктен символға айналғанын, ғалым Лев Гумилевтың кім екенін, университетке 25 жыл толғанын мәлім етіп, жастарды мол ақпаратпен қанықтырды. Сондай-ақ, университет арасындағы сыйластық белгісі ретінде Күлтегін бейнеленген естелік сыйлықты тарту етті. Ары қарай сөзді Елтаңба авторы, ғалым Жандармен Мәлібеков жалғастырып, елтаңбаның маңызын атап өтті. «Онда ел тарихы ғана емес, жастар, сендер де барсыңдар» деп, жас буынның келешегі кемел, болашағы

жарқын болатынына сенім артты. Келесі сөзді айтыскер ақын Серікзат Дүйсенғазы алып, ақындар мектебі ашылып, дәстүр сабақтастығы үзілмей келе жатқанын баяндады. Л.Гумилев Университетінде «Топжарған» айтыскерлер клубы бар екенін тілге тиек етіп, өлең-сөзге қызығатын студенттермен өзара байланыс орнатуға шақырды.

Жылы шырай танытып, ыстық ықыласын білдіріп жатқан университет басшылығы мен студенттеріне БҚУ жастарының алғысы шексіз. М.Өтемісов атындағы БҚУ Жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі Абылай Қонысбаев сөз сөйлеп, рахметін айтып, 2022 жылы Махамбет университетіне 90 жыл толатынын тілге тиек етіп, қонақ қылып шақырды.



Ер Түркіктің бесігі - Түркістан!

Тарихтарың сыр шертіп ғасырлардан,
Көкте күнің Түркістан жарқыраған ...

Түркі шаһарына 12 қараша күні БҚУ ректоры Нұрлан Серғалиевтің қолдауымен әр факультеттен 18 студент жиналып, жолға шықтық.

Жаңа ортамен тарихи қалаға саяхатта біраз қобалжу да болды, бірақ жол бойы сыйластық пен таныстыққа құралған тренинг ұйымдастырған жетекшіміз Жанбота Есенғалиеваның арқасында бір-бірімізге бауыр басып кеттік. Қалаға келген алғашқы күні Қожа Ахмет Иасауидің ұстазы, Исламды түркі әлеміне танытушы, кейбір дерек бойынша Пайғамбарымыздың (с.а.у.) сахабасы болған Арыстан бабтың кесенесіне кіріп, зиярат еттік. Өз кезегінде мегаполис деңгейіне жеткен Отырар қаласын да тамашалау мүмкіндігі бұйырды. Ұлы Отырар қамалы, Ғұмыр кештің саналы. Сенің тұлға ерліктің Үлгісі боп қалады, - деп Мұхтар Шаханов та жырына қосқан көне қалада қалған бірен-саран ескерткіштің өзі ерліктің бейнесін бейнелейді. Әрі қарай, ғалымдардың зерттеуі бойынша, жер асты арқылы Меккедегі Зәмзәм бұлағымен байланысады деген ұғым бар Үкаша ата бейітінің жанындағы қасиетті саналатын құдыққа келдік. Ең қызығы, әрбіріміз өз кезегімізді күтіп, құдыққа шелекті салып, «титімдей болсын сіңіріп, күтсе екен» деп, бісмилләмізді айтып, үміт еткен сәтіміз еді. Алайда, бәріне бірдей бұйырмады. Бірі «кімнің жолы болғыш, соған байланысты», -десе, бірі «бақ шаба ма, бап шаба ма деген осы», дейді. Меніңше, ең бастысы ешбір пенденің оғы өтпеген, қылышы кеспеген, жауы жеңе алмаған Үкаша ата басына зиярат етіп, Алла Тағаланың ұлылығына, оның мықты тұлғаны жаратуына куә болғанымыз деп білемін. Түркістан қаласының және бүкіл түркі халқының тарихи жәдігері Қожа Ахмет Иассауи кесенесі. Оған жақындаған сайын биіктігін әрі айналадағы тыныштық пен құстардың ғана сайраған үнін тындап, таңданасың. Бізге кесенені таныстырған Данияр ағай: «Кесене – қабір, бейіт басына салынған күмбезді мәдени – тарихи ескерткіш. Бұл жерді, негізінде, кесене деуге келмейді. Қожа Ахмет Иассауи кесенесі жамағатхана, қабірхана, мешіт, кітапхана, үлкен ақсарай, кіші ақсарай, асхана, құдықхана және бірнеше құжыра бөлмелерден тұратын, діни – ғұрыптық, діни – ағартушылық, тұрмыс – салттық қызмет түрлерін

атқаруға арналған аса күрделі, аса зор кешенді құрылыс»- деп, ортағасырлық сәулет өнер ескерткішін кесене деумен шектеуге болмайтынын айтты. Әрі мемориалдық құрылысты таныстырумен қатар Қожа Ахмет Иассауидің өмірін және біраз деректер беріп кетті. Соның бірі отбасы туралы. «Қожа Ахмет Иассауидің Гауһар және Ибраһим атты екі баласы болыпты. Бірде жауы ұлы Ибраһимді ұстап алып, басын шауып, онымен қоймай Қожа Ахмет Иассауиге қапқа салып беріп жіберіпті. Мұны көрген әке көңілі қайғырады да «сары ауыз балапанды алып кеттің» дейді. Бірақ қаскөйлік

кітапханасын, сауда butikтерін және ең бастысы «қайық шеруі» театрландырылған шоуын тамашаладық. Бұл сапар тек рухани сапар болмады. Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ – түрік университетінің кітапханасы, мұражайымен танысып және мерекелік шараға Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті студенттерімен бірге қатыстық. Студенттермен университетаралық тәжірибе алмастық. Әр университет өз факультеттері мен жетістіктерін айтып, жаңа идеялармен бөлістік. Түркістан қаласына саяхаттап, рухани және қарым – қатынас жағынан



қылып, жауласпай, керісінше, өз қызын дұшпандарға алып барып, «қызымды сендерге беремін»,дейді. Аңтаң болған дұшпандары Қожа Ахметтің бұл әрекетінен соң, оны әр кез сыйлайтын болған екен.» Түркі халқының рухани орталығының гүлденіп, туристік кешенге айналуының бірден – бір себебі болған «Керуен -Сарайды» да аралап шықтық. Жібек жолы дәуіріндегі саудагерлер мен қолөнершілер көшесін, Фараби

жан дүниемізді байытуға мүмкіндік берген ең бірінші М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті ректорына ерекше алғыс білдіремін. Келесі алғысты 18 студентті бір үйдің баласындай тату – тәтті, сыйластық пен достыққа жетелеген жетекшіміз Жанбота Есенғалиевнаға білдіремін.

Фироза ТАУПЕН,
ҚТӨ-35 тобы

80-летний юбилей лингвиста!

23 ноября 2021 года исполняется 80 лет ветерану кафедры русской филологии, кандидату филологических наук, доценту Жигалину Николаю Сергеевичу.

Вся его жизнь неразрывно связана с ЗКУ им.М.Утемисова, в начале в качестве студента филологического факультета, затем ассистента кафедры русского языка, затем доцента, заведующего кафедрой, заместителя декана, декана.

На протяжении 55 лет Николай Сергеевич проявляет столь характерные для него трудолюбие, настойчивость, стремление дойти до самой сути поставленных вопросов, исключительную добросовестность.

За долгие годы работы Николаем Сергеевичем подготовлено несколько поколений специалистов-филологов, которые успешно работают в учебных заведениях области и республики, также за ее пределами.

Николай Сергеевич является подлинным наставником для начинающих педагогов, с которыми он охотно делится своими знаниями и умениями.

Несмотря на, казалось бы, почтенный возраст, наш многоуважаемый юбиляр полон энергии, открыт для новых течений в практике вузовской работы. Являясь настоящим ученым-педагогом с большой буквы, Николай Сергеевич в то же время остаётся и общительным, и интересным, и остроумным собеседником, с которым можно поговорить и поспорить на разные темы, получить консультацию по любому вопросу.

В этот знаменательный день желаем нашему дорогому коллеге крепкого здоровья, счастья и благополучия родным и близким!

Спасибо Вам за Ваше служение науке, делу образования и просвещения!

Жигалин Николай Сергеевич родился в поселке Черноярно Зеленовского района Западно-Казахстанской области 23 ноября 1941 года.

После окончания школы работал учителем в Зеленовском и Приуральном районах. В 1965 году он успешно

заканчивает Уральский педагогический институт имени А.С.Пушкина по специальности «История, русский язык и литература», служит в рядах Советской Армии.

С января 1967 года - преподаватель кафедры русского языка Уральского педагогического института.

Закончил аспирантуру при филологическом факультете МГУ им.М.В.Ломоносова, защитил

Н и к о л а й Сергеевич руководил кафедрой русского языка, возглавлял филологический факультет, был заместителем директора гуманитарного института).

И т о г о м многолетнего



диссертацию под руководством профессора В.А.Белошапковой на тему «Роль отрицания в структурной организации сложноподчиненных предложений».

Выбранной синтаксической стезе он остаётся верным всю свою жизнь, как и родному вузу. Н.С.Жигалин становится ведущим преподавателем-лингвистом в Уральске. Теперь его трудовой стаж в вузе 55 лет!

преподавания стал сборник упражнений по современному русскому языку, подготовлено им и учебное пособие на электронных носителях и материалы для преподавания в новых условиях – в условиях новой Концепции образования. Его учебное пособие «Синтаксис современного русского языка» (РиО ЗКГУ, Уральск, 2005) широко используется преподавателями-словесниками.

Н.С. Жигалина отличает активная



жизненная позиция: он выступает на актуальные проблемы воспитания и образования в СМИ, неоднократно проводил экспертизы по языковым вопросам в облсуде, горсуде, прокуратуре, финансовой полиции, КНБ РК.

Жигалин Н.С. - Отличник просвещения РК, награжден медалями «Ветеран труда», «ЗКГУ-75 лет».

Кафедра русской филологии

Спорт санлағы 70 жасқа толды

Владимир Юрьевич Саловты - Қазақстан спорт саласында ерен еңбек еткен спортшы ретінде бәрі біледі. М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан университетінде 50 жылға жуық қыз-мет еткен аяқ доп шебері, ұлағатты ұстаз, қадірлі әріптестің мерейлі жасымен университет ректоры Нұрлан Хабиболлаұлынан бастап, қала әкімі Абат Шыныбеков, БҚО дене шынықтыру және спорт басқармасы, БҚО Білім басқармасы, БҚО Білім кәсіподағы, Поволжье мемлекеттік университеті, Әл-Фараби ат. ҚазҰУ, Лесгафт атындағы Санк-Петербург дене шынықтыру және спорт, денсаулық университеті өкілдері құттықтап, алғыс хаттарын ұсынды. Лесгафт университетінің ректоры Сергей Иванович Петров жіберген «Құрметті Лесгафтық» медалін университетіміздің тәрбие және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Даришева Тұймеш Малбағарқызы табыстады. Владимир Юрьевичтің өмір жолына арналған халықаралық дөңгелек үстелге спортшының әр елдегі әріптестерінен бөлек, отбасы мүшелері де қатысты. Қадірлі келіні мен немересі де ыстық ықыластарын жаудырды. Шетелдік ғалымдар онлайн байланысқа шығып, мерейтой иесі туралы маржан сөзден тіркестер тізбектеді. Университет студентінен факультет деканына дейін, кейін Спорт министрінің жеке кеңесшісіне айналған аңыз адамның өмірінен үзінділер келтірген бейне-сюжетте көрсетілді.

М.Өтемисов атындағы БҚУ, Дене шынықтыру және спорт кафедрасының ардагері, педагогика ғылымдарының докторы, профессор 70 жасқа толды.



Өзі әлі күнге дейін қызмет ететін сыйлас факультет ұстаздары бірінен соң бірі әдемі тілектерін аямады. Бұл кеште әсем ән шырылалып, Владимир Юрьевичтің арқасына қазақтың шапаны жабылды. Спорт саласына «сумен қатаю» жаттығуы арқылы қол таңбасын қалдырған спортшының дәл осы күні мерейі үстем болып, қуаныштан жүзінің бал-бұл жанғандығына куә болдық. Расымен, осындай саналы ғұмыр кешу екінің бірінің маңдайына жазылмаған бақ. Ал, біздің қадірлі әріптесіміз В.Ю.Салов - БҚУ-дың ғана емес, күллі Қазақстанның мақтан тұтар азаматы. Туған күніңізбен, қадірлі Владимир Юрьевич!





ПЕДАГОГИКА факультеті

«Қазақ сахарасының қоңырауы»

16 қараша күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, педагогика факультетінің мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушылары А.Д.Муканова, Ж.Ж.Нәбиева, С.Н.Есенова, Ф.Е.Есқақованың ұйымдастыруымен Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Қазақ сахарасының қоңырауы» атты әдеби-танымдық кеш өткізді. Ыбырай атамның шығармаларынан көрме ұйымдастырылды. Шараға педагогика, өнер және мәдениет, филология факультетінің 1-3 курс студенттері қатыстырылды.

Ы.Алтынсариннің өмір шығармашылығы мен педагогикалық көзқарасы жөнінде ДОВ-31 тобының студенті А.Төлепова слайдпен баяндама оқыды. Ы.Алтынсарин өз өлеңдерінде балаларды оқуға, білім алуға шақырса, ал әңгімелерінде еңбекті сүйеге, қадірлеуге, адамгершілікке, имандылыққа, адал достыққа, тазалыққа үйретеді. Солбағытта ақын шығармаларын мәнерлеп оқыса, КЯЛ-31 тобының студенттері «Бір уыс мақта» этикалық әңгімесіне көрініс құрды. МОБ – 11 тобының студенттері А.Закина «Самға», А.Оразбек «Отан» әндерін шырқады. ИЯ-33 тобының студенті Н.Жеткербаев Дәулеткерейдің «Көреғұлы», «Ақсақ құлан», МОБ -31 тобының студенттері С.Қоныс, А.Рашидова «Балбырауын» күйлерін орындап, көрермендерді ықыласқа бөледі. Ы.Алтынсарин қазақ ауыз әдебиетін зерттеп, қазақтың жұмбақтары, дастандары,



мақал- мәтелдері жөнінде ғылыми мақалалар жазды. Осы орайда көрермендерге «Кім жүйрік» ойыны жүргізілді. Ойын шартында Ы.Алтынсариннің жинақтаған жұмбақтары жасырылды. Студенттер қазақ сахарасының қоңырауы атанған Ыбырай бабамыздың қазіргі ұрпаққа қалдырған еңбектеріндегі терең ойларының тәрбиелік мәнін жеткізе білді. Танымдық іс-шара студенттердің қызығып, белсенді қатысуымен, Ыбырай Алтынсариннің қазіргі ұрпаққа қалдырған еңбектеріндегі құнды ой-пікірлерін ұғынуымен өз мақсатына жетті.

А.Д.МУКАНОВА, Ж.Ж.НӘБИЕВА,
Мектепке дейінгі және бастауышта
білім беру кафедрасының оқытушылары, магистр

Өнер-білім бар жұрттар...



Ел тәуелсіздігінің 30 жылдығы қарсаңында «Бір ел - бір кітап» акциясы аясында танымал қазақстандық автор поэзия, проза, драматургия, балалар әдебиеті және аударма саласындағы 30 үздік шығармасы жалпыхалықтық оқуға іріктелді. Акция аясында қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогы, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің «Өнер-білім бар жұрттар...» шығармасын оқу таңдап алынды. Сонымен бірге Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің ғылыми кітапханасы мен мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының ұйымдастыруымен «Дала қоңырауы» атты ағартушы өмірі мен рухани мұрасына арналған әдеби кеш өтті.

Шараға оқытушылар құрамы мен студенттер қатысты. Кеш Ыбырай Алтынсариннің өмірі мен шығармашылығына арналған бейнебаяннан бастау алды. Аға оқытушы, магистр Жанаргүл Жұмабайқызы, оқытушы, магистр Гаухар Елемесқызы Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына тоқталып өтті. Әрмен қарай «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының 1 курс студенттері Фазез Нұрай, Бейісова Мөлдір, Туякбаева Ділназ, Нуржанова Ақжан, Серікбай Айнұр, Биғалиева Альбина, Аманжолова Зарина, Төлегенова Дана, Тағай Сымбат Ы.Алтынсариннің өлеңдерін нақышына келтіре оқыды. «Дәстүрлі өнер және халық аспаптары» мамандығының 1 курс студенттері Базарбаева Ақниет, Курманкулова Салтанат «Балбырауын» күйін орындады. Шарада «Дала қоңы-

рауы» атты кітап көрмесінде Ыбырай Алтынсариннің еңбектері, ол туралы жазған белгілі ақын-жазушылардың кітаптары мен мерзімді басылым беттерінде жарияланған мақалалар тізбегі орын алды. Кеш соңында оқырмандарды қамту бөлімінің меңгерушісі Айна Оқасқызы белсенділік танытқан студенттерге өз ризашылығын білдірді. Шараның басты мақсаты, Ыбырай Алтынсариннің шығармашылығына деген қызығушылықты ояту, ұлттық мақтаныш сезімін, ұлттық бірегейлікті қалыптастыру. Ыбырай Алтынсариннің бар өмірін ағартушылық арнасына бағыттады. Өз заманындағы жастар мен болашақ жас ұрпақтың білімі мен біліктілігі үшін ізденді, ізгі мұра қалдырды.

Г.Е. ТЛЕПБЕРГЕНОВА,
кафедра оқытушысы

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай М.Өтемісов атындағы БҚУ-дың 1 курс студенттеріне арналған спартакиада бағдарламасында Педагогика факультеті «БАСКЕТБОЛ», «ФУТБОЛ», «ВОЛЕЙБОЛ» сайыстарында ерекше ептіліктерімен, шеберліктерімен басқа факультеттерден оза шауып жүлделі I орынға ие болды.

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Серікбаева Гүлсезім

Білімгі ұрпақ - жарқын болашақтың кепілі!

М.Өтемісов атындағы БҚУ, педагогика факультетінің мектепке дейінгі және бастауышта білім беру кафедрасының оқытушылары А.Д.Муканова, Г.Б.Мусағалиеваның ұйымдастыруымен «Білімді ұрпақ - жарқын болашақтың кепілі!» атты зияткерлік сайыс өтті. Мақсаты: Студенттердің жан-жақты білімдерін тексеру, логикалық ойлау, есте сақтау қабілеттерін шыңдау. Өз ойын жеткізе білуге, топтық жұмысқа ұйымшылдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Топтық сайысқа «Мектепке дейінгі оқыту» және «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығының студенттері қатысты. Ең бірінші болып сайыскерлердің біліміне баға беретін әділ қазы алқалары таныстырылды. Олар: Педагогика факультетінің деканы – Ергалиева Гүлжан Алғазықызы және Мектепке дейінгі және бастауышта оқыту кафедра меңгерушісі – Хабиева Дина Гарифоллақызы.

Сайыс 7 кезеңнен тұрды. I. «Таныстыру кезеңі» мұнда әр топ – тобының атын, топ ұранын, сәлемдесуімен таныстырды. II. «Жүйрік болсаң, озып көр» кезең бойынша әр топ қойылған сұрақтарға тез әрі шапшаң жауап берді. III. «Әрі қысқа, әрі нұсқа» кезеңі, берілген фразеологизм мағынасын бір сөзбен қысқаша айту керек. Дов-33 тобынан құралған команда ерекше алғырлықтарымен көзге түсіп, 5 ұпайға ие болды. IV. «Тығырықтан шығу» кезеңі. Бұл кезеңде педагогикалық жағдаяттар беріледі, ал студенттер сол жағдайдан шығу жолын көрініспен көрсетті. V. «Шатаспақ» кезеңі, 3 топқа тапсырма берілді. Шарты сұрақты толық тыңдап, ПИМНО-31 тобынан құралған топ шапшаңдықтарымен алдыға шығып жоғары ұпайды қанжығаларына байлады. VI. «Жеті жұрттың тілін біл» кезеңі. Дов-33 тобы жасырылған жұмбақтың дұрыс жауабын тауып, оны қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде айтып 10 ұпайға ие болды.

Зияткерлік сайыстың қорытындысы бойынша ұтымды ойларымен, тапқырлықтарымен Дов-33 тобынан құралған ең үздік команда жеңіп шықты.

«Бүгінгі студент – ертеңгі маман»

М.Өтемісов атындағы БҚУ, педагогика факультетінің педагогика және психология кафедрасы, МПИП-21 магистранттары «Бүгінгі студент – ертеңгі маман» атты мамандармен кездесу сағатын өткізді. Кездесу шарасының мақсаты: Студент жеке тұлғасының бәсекелестік қабілетін, өзінің қалауына сай белгілі бір еңбек әрекетіне дайындық білімділігін қалыптастыру.

Студенттерге мамандықтарына сәйкес алдағы уақытта жұмыс берушілердің сұраныстарына сай дұрыс қызмет саласын таңдауға бағыт-бағдар беру. Кіріспе сөз Педагогика және Психология кафедрасының жетекшісі Н.У. Құлдашеваға берілді. Келесі кездесуге келген мамандармен танысты. Олар: Талпакова Санагүл Асқарқызы – Орал «Мақсат» медициналық колледжінің оқытушысы, Уразғалиева Валентина Жадигеровна - №5 емхана психологы, Бекетаева Самал Камбаровна – №40 «Болашақ» бөбекжайының психологы, Бисенғалиева Лаззат Сарсенғалиевна – №42 «Ақниет» мектеп-гимназиясының психологы, Халилова Айнура Закариевна - ҚР Ұлттық ұланы «Батыс» өңірлік қолбасшылығы 5517 әскери бөлімнің ТжӘҚЖ бөлімше бастығының көмекшісі (психолог).

Шара «Сәлемдесу» тренингімен басталды. Тренингте дәстүрден тыс амандасудың түрін көрсетті. Мысалы: Бір-біріне күлімсірей қарап, алақанның ішін және сыртын тигізіп сәлемдесу және оң және сол жақ иықтарын тигізіп сәлемдесу. Келесі кезекте келген қонақтарға сөз берілді, өз қызметтерінің ерекшелігі мен жұмыс барысы туралы студенттерге ақпарат беріп өтті.

«Психолог бейнесі» моделі Кеш қонақтары мен студенттер жұптасып, психологтың белгілі бір сала қызметіндегі бейнесін суреттеп, флипчартка моделін салды, Рефлексия жаттығуы бойынша тренингтен алған сапа, жағымды ойлары туралы айтты. Шара соңында ПИП-31 тобының студенті Тапымов Бекжанды «Құнан нар» әнін орындады.

Қорытындылай келе, мамандықты дұрыс таңдау – табысты өмірдің кілті. Ж.Аймауытов айтқандай, «Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ мұның кез келгеніне икемділік қажет, бұл жай күнелту, тамақ асыраудың ғана жолы емес, үлкен өнерді, зор шеберлікті қажет ететін нәрсе». Сондықтан сіздерге қызмет түрін таңдау жолында адаспай, өмірден өз орындарыңызды тауып, дүниенің бір кірпіші болып қалануларыңызға шын жүректен тілектеспіз.

Гүлсезім СЕРІКБАЕВА,
ПИМНО-21 тобының студенті

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ
факультеті

АЗАТТЫҚ ТАҒЫН АҢСАҒАН АЛАШ АРЫСЫ

Тарих, экономика және құқық факультетінің, экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушылары А.Ж. Акмалиева мен З.Ю. Янтурсинаның ұйымдастыруымен Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейхановтың туғанына 155 жыл толуына орай «Азаттық тағын аңсаған Алаш арысы» атты танымдық кеші оздырылды. Әдеби танымдық кеш Мен-41 тобының студенті Ғазизова Гүлдананың жүргізуімен өтті.

Мақсаты студенттерге қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт азаттық қозғалысының негізін салушы әрі көсемі, қазақтың тұңғыш саяси партиясын ұйымдастырушы және Алашорда үкіметінің төрағасы Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейхановтың өмірі мен қазақ қоғамы үшін жасаған еңбектерімен таныстыра отырып, жас буынды отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, адамгершілікке рухани тәрбиелеу және алаш арыстарының тәуелсіздік жолындағы істерімен таныстыру.

Кеш атақты хан-сұлтандар тұқымынан тараған қазақ халқының дамуы жолында жанын құрбан еткен Алаш көсемі Әлихан Нұрмұхамбетұлы Бөкейхановтың өмірбаяны туралы бейнеролик тамашалаумен басталды.

Шара барысында ГМУ-21 тобының студенті Баймұратова Ратмира Лұқпан Сисекенұлының «Алаштың Әлиханы» атты көркем сөзін оқыса, Мен-31 студенті Бекен Ақгүл ұлы тұлға туралы баяндамамен таныстырды.

Кеш залдағы студенттерге ой түйіндеу мақсатында викториналық сұрақтарға жауап берумен жалғасты. Сонымен қатар жалпы Алаш арыстары туралы студенттердің білімін тексеру мақсатында «Тұлғаны таны» бөлімімен толықтырылды.

Танымдық шараның ең маңызды бөлігі Алаштың ардақтысы Әлихан Бөкейхановтың өмір жолындағы жазықсыз түрмеге түскен кезеңінен «Ұлт мүддесі жолында» атты қойылымға 2 курс студенттері Әмірзақ Ерсін (МИ-21), Алшынбай Бауыржан (ЭиМ-21), Шектибаев



Ислам (ГМУ-21), Закрья Нұрбек (ГМУ-21), Алпысбай Әлібек (ГМУ-21) қатысып, көрермендердің ықыласына бөленді.

Шараға физика және математика факультетінің студенттері де белсене қатысты.

Әдеби танымдық кеш тарих, экономика және құқық факультетінің кітапханашысы, экономика және менеджмент кафедрасы оқытушыларының қорытынды сөз сөйлеуімен аяқталды.

9 қараша күні Экономика және менеджмент кафедрасының аға оқытушысы, э.ғ.м. Егзалиева Асел Болаткалиевнаның бастамасымен, Т-31 топ студенті Қабекен Жұпарханның жүргізуімен, ГМУ-41, Мен-41, Мен-31 топ студенттерінен құралған «Тұлпар», «Ұлағат», «Жалын» командаларының қатысуымен мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 110 жыл толуына байланысты «Мақтан тұтар ұлы тұлға» атты танымдық кураторлық сағат оздырылды.

Қонаев - қазақ халқының жанашыры

2021 жылы мерейтойлары аталып жатқан белгілі тұлғаларды тереңірек таныту мақсатында «Ұлы тұлғалар – ұлттың бет-бейнесі» тақырыбында 01.11.2021ж. күні Ист-11 топ студенттері арасында интеллектуалды ойынның I туры өткізілді.

Ұлы тұлғалар – ұлттың бет-бейнесі

Интеллектуалды ойын алты бағыт бойынша ұйымдастырылды. Бірінші бағыт бойынша ұлы тұлғалардың суреттері студенттерден құралған «Көк бөрі» және «Қыран» командаларының назарына ұсынылып, 1-минут ішінде суретте берілген тұлғаның толық аты-жөні мен туған жері анықталды; «Сандар сыр шертеді» деген екінші бағыт бойынша экранда көрсетілген датаға қатысы бар тұлға анықталды; «Математикалық шкатулка» бағыты бойынша команда студенттері алдын-ала даярланған есептерді шығарып, нәтижесінде шыққан дата бойынша мерейтой иесі анықталды; «Блиц сұрақтар» бойынша тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығынан берілген сұрақтарға 30 секундта студенттерін өз жауаптарын ұсынды; «Сәйкестендір» бағыты бойынша экранда берілген өлең мен автор сәйкестендірілді; соңғы бағыт «Көшбасшылар сайысы» болды, бұл бағыт бойынша команда капитандары экранда көрсетілген нақыл сөздің мән-мағынасын интеллектуалды ойынның тақырыбымен байланыстырып ашуға тырысты.

Жалпы осы тәрбие шарасы арқылы жерінің бүтіндігін мұрат еткен ұлы тұлғалар жөніндегі студенттердің білімдері жаңарып, толығып, еліне деген, жеріне деген сүйіспеншілігі арта түсті.

Алғы сөз алған аға оқытушы Егзалиева А.Б. мен ҚР Президенті атындағы атаулы шәкіртақы иегері, ГМУ-41 тобының студенті Смағұл Мағжан Дінмұхамед Қонаевтың өмір жолы мен қызметіне тоқталып өтті.

Танымдық кураторлық сағат Ұяшықтар, Иә/жоқ, Ва-банк кезеңдерінен тұрды. Әр кезең сұрақтарында Дінмұхамед Ахметұлы туралы тың деректер қамтылды.

Үш кезеңге созылған танымдық сағаттың қорытындысы бойынша:

1-орынды Ұлағат командасы, 2-орынды Тұлпар командасы, 3-орынды Жалын командасы иеленді.

ТОҢШЫРДЫ МЕНІ, ТОҢШЫРДЫ СЕНІ...

Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы, магистр Б.М.Мырзабаеваның ұйымдастыруымен 24 қараша күні Тәуелсіздігіміздің бастауы болған Желтоқсан оқиғасына арналған «Желтоқсан оқиғасындағы қазақ қыздарының орны» тақырыбында іс-шара өткізілді.

Шараға Халықаралық қатынастар білім беру бағдарламасының МО-21 және МО-31 топ студенттері қатысты. Шараның мақсаты – Желтоқсан оқиғасының сипатын насихаттай отырып, желтоқсан құрбандарын мәңгі есте сақтау, жас ұрпақ бойында еліне, жеріне, ұлтына деген патриоттық сезімін қалыптастыру.

Шара барысында студенттерге Желтоқсан оқиғасының себебін, сипатын, алаңға шыққан студент-жастардың талап-тілектерін, жазықсыз жазаланған желтоқсан құрбандарының тағдырын бейнелеген бейне-ролик көрсетілді. Одан әрі топ студенттері желтоқсан оқиғасына қатысқан қазақ қыздары туралы өз пікірлерін білдірді. МО-31 топ студенті А.Мауешова Ләззат Асанованың, МО-21 топ студенті М.Сұлтанғалиева Сабира Мұхамеджанованың ерлік істері туралы баяндады. Сонымен қатар студенттер желтоқсан оқиғасына қатысқан басқа да қазақ қыздарының желтоқсан оқиғасына қатысуы, одан кейінгі олардың тағдыры туралы өз ойларын ортаға салды. Шара Б.М.Мырзабаеваның және кафедраның тәрбие ісіне жауапты оқытушысы А.Ж.Құспанованың қорытынды сөзімен аяқталды.

Президенттік гранттар Қорының қолдауымен 2021 жылдың 23-26 қараша күндері Ресей мен Қазақстанның Жас археологтар мектебі ұйымдастырылды. Бұл шара Ресеймен шекаралас Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының РФ Орынбор облысымен бірлескен осымен III рет оздырылып отыр. Негізгінен АНО «Содружество народов Евразии», Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің археологиялық ғылыми-зерттеу лабораториясы, Орынбор мемлекеттік университетінің Оңтүстік Орал тарих және этнография ғылыми-зерттеу институты, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті тарих, тарих және археология білім бағдарламаларының студенттері қатысып келеді.

Шараның бағдарламасы бойынша археология ғылымы бойынша үздік ресейлік және қазақстандық археолог ғалымдардың шеберлік сыныптары, археология музейлеріне онлайн саяхат, археология және палеоантропология деректері бойынша б. з. д. I мың Ж. Оңтүстік Оралдың көшпелі халқын зерттеу, Қарғалы тау-кен металлургия орталығының археологиялық нысандары, Ресей және Қазақстан аумағындағы құлпытастарды зерттеу әдістемесі, Орынбор губернаторлық тарихи-өлкетану музейінің археологиялық «Алтын қоры» жәдігерлерімен офлайн және онлайн таныстыру, экспериментальдық археология, жаңадан табылған құнды жәдігерлерді өңдеу, зерттеу, музейге қою және т.б. ғылыми әдістемелерді көрсету, тәжірибе алмасу алаңы жоспарланған.

Сонымен қатар, әріптестер «Татар Қарғалы – XVIII ғ. ортасы мен XX ғ. басындағы Орталық Азия халықтарымен Ресейдің шекаралас және керуен саудасы, мұсылман діні мен мәдениетінің ірі орталығы» ретінде ғылыми мәселелермен ақылдасу жоспарланған. Аталған шараға М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті атынан модератор - ҚР тарихы кафедрасының профессоры, ҚР ҰҒА академигі М.Н.Сдыков және Тарих БББ бойынша барлығы 15 студент қатысып отыр.

Mister & Miss Istfak

11 қараша күні тарих, экономика және құқық факультетінің 1-курс студенттерінің арасында «Mister & Miss Istfak» байқауы өтті. Байқау 5-турдан тұрды. Әр кафедрадан бір жұптан қатысып, берілген турлар бойынша өз қабілеттерін көрсетті.

Қатысушы жұптардың барлығы жоғары деңгейде дайындалып, әділ қазылар алқасының және көрермендердің көңілінен шықты. Байқау нәтижесінде Бас жүлдені «Экономика және менеджмент» кафедрасының студенттері Алшынбай Бауыржан және Кенханова Гулжайна иеленді.

Барлық қатысушыларды жүлделі орындарымен құттықтаймыз!





МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР факультеті

ALL TOGETHER

Подспенное ауылының мәдениет үйінде «ALL TOGETHER» атауымен қайырымдылық концерт өтті. Орал қаласындағы Амина есімді кішкентай бүлдіршіннің еміне көмектесу мақсатында өткен концертті Мәдениет және өнер факультетінің студенттері жоғары деңгейде алып шықты. Факультет ішіндегі әрбір мамандықтан жиналған команда өз өнерлерімен келген көрерменді таң тамаша қылдырды.

Шараның шымылдығын өнерлі қыз-жігіттерден құралған «Zamanabi» би тобы әдемі қылып ашып берді. Үлкен жастағы көрермендердің жастық шағын еске түсіріп, көңіл-күйлерін көтеру мақсатында Шалқарбаева Айгерім «Было, но прошло!» әнін нақышына келтіре орындады. Кеш қонағы, жас әнші Ақжол Көшербаев әдемі әндерімен қайырымдылық кешінің сәнін одан әрі келтірді. Одан әрі, факультетіміздегі Мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 3 курс қыздары әдемі билерімен кеш көркін қыздырса, дәстүрлі әндер шеруі мен Құрманғазының күйлері ұлттық өнерді назардан тыс қалдырмады. Халықаралық, Республикалық конкурстардың жеңімпаздары, факультетіміздің сері жігіттерінен құралған - «Makhamband» тобының жаңа құрамы өз әндерімен ерекше есте қалды. Шайхымалиев Мейрам мен Талапов Габрахман махаббат тақырыбындағы әндерімен жүректерді тербесе, «Идеал» КВН командасы келген көрерменді күлкіге қарық қылды. Кеш соңында сахна төріне кеш себепкері, кішкентай Амина мен анасы Айнаш шақырылып, 200 000 теңгелік сертификат табысталып, «Елің үшін самға!» әнімен кеш шымылдығы жабылды.

Дәл осы күні «Балауса» медициналық оңалту орталығында Айназ атты бүлдіршінге арналып шара



өткізілді. Қуанышқа орай факультетіміздің Вокалдық өнер мамандығының 1 курс студенті Мусина Асем «Тәуелсіз қазақтың қызымын» атты әнін шырқап, ТМИ-11 топ студенттері Базарбаева Ақниет және Курманкулова Салтанат «Адай» күйін орындады.

Объективке сыйған Оралым

Факультетімізде Мәдени - тынығу жұмысы мамандығының 1 курс студенттері ұйымдастырған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында 1-4 курс студенттерінің арасында «Туған жер» атты фото және бейне байқау өтті.

Негізгі мақсаты – қаламыздың және университетіміздің ерекше жерлерін назарға ала отыра, студенттердің сурет немесе видео арқылы туған жерін және қоршаған ортасын қалай көретіндігін зерделеу.

Байқауда төрелік еткен «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері Қабдрахымқызы Жанар және факультетіміздің Көркем еңбек және мектеп дизайны мамандығының 3 курс студенті Бауыржан Гауһар Сакенқызы. Екі кезең бойынша жеңімпаздарды марапаттады.

Фото аталымы бойынша:

МТЖ-41 тобының студенті Абуова Хадиша I дәрежелі дипломмен марапатталды.

МТЖ-21 тобының студенті Сәлімова Аружан II дәрежелі дипломмен марапатталды.

Видео аталымы бойынша:

ТМИ-11 топ студенті Ерсайынов Мейрамбек I дәрежелі дипломмен және бағалы сыйлықпен



марапатталды.

МТЖ-21 топ студенттері Муратханова Жамалай және Ақнажимов Беркін III дәрежелі дипломдармен марапатталды.

Байқау қорытындысын концерттік бағдарламамен жалғасын тапты.

MU Stud liga

Қараша айының 9 - ы күні М.Өтемісов атындағы БҚУ бас ғимаратында университет ішілік 1 курс студенттері арасында «MU Stud liga» 1/8 ойыны оздырылған болатын.

Мақсаты: Студенттердің достық қарым - қатынасын нығайту;

Өзіл сүйер жастарға керемет көңіл күй сыйлау.

Маусымды ашып 1/8 финалда ойын көрсеткен командалар:

1. Аристократ	3. Апат - водапат	5. Студенческая 1Б	7. Эверест	9. Эврика
2. Ығай мен сығай	4. Филология жастары	6. Шүкір	8. F4	10. Идеал

Төрелік еткен біздің әділ қазы алқалары:

1. Шамуратов Даурен Ибатұлы - Орал қалалық жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық басшысының орынбасары, ақын, жайдарманшы.

2. Еслямғалиев Абылқайыр Мақсұтұлы - М.Өтемісов атындағы БҚУ - нің Мәдениет және өнер факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Қарашаның 11-і күні Мәдениет және өнер факультеті Хореография және мәдени - тынығу жұмысы кафедрасының оқытушысы п.ғ.к. Дина Набиолловна Айтқалиева мәдени-тынығу жұмысы мамандығының 2 курс студенттеріне «Ұлттық валюта» теңге күніне арнап кураторлық сағат өткізді.

Ұлттық теңгені ұлықтаған күн

МТЖ-21 топ студенті Тасжанова Айгүлім LED дисплейде ұлттық валюта туралы презентация дайындап көрсетті (тарихы, дизайн торлары және т.б.). Батыс Қазақстан филиалы «Халық банк» директорының орынбасары Белла Владимировна Тю құрметті қонағы мемлекетіміздің банк жүйесінің даму перспективалары туралы қызықты мәлеметтерімен бөлісті. Әңгімесінің соңында ол басқа мемлекеттердің валюталарын білуге арналған тренинг өткізді, оған осы топтың студенттері белсенді қатысты.

Студенттер Белла Владимировнаға шын жүректен алғыстарын білдіріп, гүл шоқтарын табыстады. Шараны Жәрдемова Гүлсезім ұлттық валюта тақырыбына сөзжұмбақ дайындау арқылы жалғастырды. Студенттер сөзжұмбақты шешу арқылы шағын сыйлықтарды иеленді. Кураторлық сағат бір демде танымдық жағынан қызықты өтті.

Қараша айының 11-і күні Х.Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдерге арналған кітапханасы ұйымдастыруы бойынша Орал қаласы мектептерінің 9-10 сынып оқушылары, БҚУ оқытушылары, облыстық кітапханалар қызметкерлерінің қатысуымен «Кітапханалық хит Парад» кеші өтті.

Хит Парад

Іс-шараның мақсаты: мектеп оқушыларының кәсіби өзін-өзі анықтауына көмектесу; «Кітапхана ісі» мамандығын, кітапхана кәсібіне деген қызығушылықтарын мектеп бітіруші түлектердің арасында дәріптеу.

Кеш қонақтары: Кәсіби бағдар беру жұмысы бөлімінің басшысы Асқар Саинұлы, Мәдениет және өнер факультетінің деканы, PhD доктор, қауымдастырылған профессор Кажимова Карлығаш Рахымқызы, «Хореография және мәдени-тынығу жұмысы» кафедрасының мамандықтарға кәсіби бағдар беру жұмысы жөніндегі жауапты оқытушы Роза Сүйеугалиқызы, М.Өтемісұлы атындағы БҚУ Ғылыми кітапханасының директоры Алимбекерова Тоты Еркінқызы, Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының бөлім басшысы Кульчукова Ақмарал Кеңесқызы, Жұбан Молдағалиев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының қоғаммен байланыс және көпшілік жұмыс секторының жетекшісі Нуфтуллина Аягүл Рухоллақызы, Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының бөлім басшысы Хамзина Гүлназ Муханбетқызы, Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының әдіскері Быков Сергей Сергеевич, Хамза Есенжанов атындағы облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының бөлім басшысы Джумагазиева Бибигүл Айтқалиқызы қатысты.

Бүгінгі дамыған замандағы жастар мен кітапты байланыстыратын алтын көпір - кітапхана. Сондай-ақ, кітапхана - оқырманның рухани талап - тілегін қанағаттандырумен қатар, әлемдік, ұлттық, әмбебап ақпарат көздерін толық жинақтап, оқырманға жеткізуші болып табылады.

Кеш соңында шара барысында алған әсерлерімен бөлісу үшін, мектеп оқушыларына сөз берілді.

3. Абылай Оңғарұлы - М.Өтемісов атындағы БҚУ - нің жастар ісі жөніндегі комитет жетекшісі.

4. Мусағалиев Арсен Талғатұлы - М.Өтемісов атындағы БҚУ - нің студенттік ректоры.

5. Қуанышев Асыланбек Қалыбекұлы Республикалық Премьер лига ойындарының ширек финалисті.

1/4 финалға 8 команда жолдама алып, 2 команда жарыс жолын тоқтатты.

БЕТ РЕДАКТОРЫ:
КУЛЬБЕКОВА Зульфура

Қарашаның 25-і күні вокалдық өнер мамандығының 2 курс студенттеріне «Шәкәрім атамыз айтқандай өсиет-адалдық айнасы» атты кураторлық сағат өткізілді.

АДАЛДЫҚ АЙНАСЫ

Куратор Д.Н.Малаева, музыкалық білім және вокал кафедрасы оқытушысы. Кураторлық сағаттың мақсаты: студенттерді адал жолмен жүруге, шыншылдыққа, отан сүйгіштікке, әділдікке, адамгершілікке, ұлтшылдық пен жемқорлыққа қарсы ой-өрісін, көз-қарасын кеңейтуге қысқаша мағлұмат беру. LED экраннан «Шәкәрімнің өсиеті» атты видеоролигін көре отырып, әркім өз ойын талқыға салды. ҚР 37 мемлекет қабылдаған конференцияға қосыла отырып, 1998 жылы 2 шілдеде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» қабылданған заң туралы да ақпараттар айтылды. Әр қашанда адамдық қасиеттерді сақтап, сыбайлас жем қорлыққа жол бермейміз деп өз пікірлерін білдіру арқылы кураторлық сағатын аяқтаған болатын.



ЖАРАТЫЛЫСТАНУ-ГЕОГРАФИЯ факультеті

«ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДЕРДІҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ - ҒЫЛЫМИ БІЛІМ БЕРУІНІҢ КӨКЕЙТЕСТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

Қарашаның 16-шы жұлдызында биология және экология кафедрасы «Қазақстан және шет елдердің жаратылыстану-ғылыми білім беруінің көкейтесті мәселелері» тақырыбында дөңгелек үстел форматында кездесу ұйымдастырды, профессор, биология ғылымдарының докторы С.Качмарек (Ұлы Казимир университеті, Польша), Мэри О' Горман, PhD доктор (Ирландия), ол Еуропалық Достастық елдерінің (Польша, Ирландия, Англия және т. б.) мектептері мен жоғары оқу орындарындағы білім беру процесінің ерекшелігі туралы баяндама жасады, аталған іс-шараға кафедра оқытушылары белсенді қатысып, Қазақстан Республикасының мектептері мен ЖОО туралы баяндама қорғады.

Талқылау барысында қызықты сұрақтар қойылып, қатысушылар түсінік-теме берді, кездесу қолайлы жағдайда жемісті өтті және қойылған мақсатқа қол жеткізді. Шақырылған қонақтар мен өз әріптестеріміз де қызықты да пайдалы баяндамалар жасап, аудиториядағы

тыңдаушыларды қызықтыра білді. Үш-тілде өткен мұндай халықаралық деңгейдегі іс-шаралар биология және экология кафедрасының беделін асқақтатып, алыс шетелдер өкілдерінің университет туралы ақпаратты тереңдетулеріне де септіктерін тигізетіні даусыз. Шетелдік

әріптестерімізбен құнды тәжірибе алмасу, кафедрадағы білім беру үдерісіне де оң әсерін тигізіп, студенттеріміз үшін де пайдалы кездесу болды деп есептейміз.

М.В. МАМЫШЕВА
аға оқытушы, магистр

Зоология мұражайының қалыптасу тарихы мен маңызы

Қараша айының 18-ші жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінің магистранттары Борамбайқызы.Н, Шербалиева.Д. кафедраның жас маманы Кабаева.С.М. және ардагер ұстазымыз аға оқытушы Болатова Қанжан Беймұхановнаның бастауымен зоологиялық мұражайдың қалыптасу тарихы мен маңызы атты ғылыми шара өтті. Шараға Орал қаласы білім беру бөлімінің 41 мектеп лицейінің 10 ө сынып оқушылары қатысты. Бұл шарада биология мамандығының магистранты Боранбайқызы Назерке Гамбург зоологиялық мұражайы, Дрезден зоологиялық мұражайы, Кембридж зоологиялық мұражайы, Париждегі Ұлттық табиғи мұражайы, Ресей ҒА Зоологиялық институттың Зоология мұражайы, Алматы қаласы Табиғат мұражайы, Әл-Фараби атындағы ҚАЗҰУ, биология факультетінің биологиялық мұражайы, Қостанай энтомологиялық мұражайлары тарихымен таныстырып, ғылыми дерек ретінде ақпарат берді.

Келесі магистрант Шербалиева Д. қара шаңырағымыз М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің, Жаратылыстану-география факультетіндегі зоология мұражайы тарихымен таныстырып өтті. Сонымен қатар, қазіргі таңдағы кафедрамызда зоология ма-



мандығы бойынша атсалысып, білім нәрімен сусындатып жатқан ұлағатты ұстаздарымызбен, жас мамандарымыз Байдулова Л.А., Болатова Қ.Б., Мудатов С.М., Қарағойшин Ж.Н., Ихласова Ж.М., Джангазиева Б.Ж., Бисенгазиева А.С., Құрмекеш Ә.Д., есімдері аталды. Кеш соңында шараға қатысушылар сөз алды. Ардагер ұстазымыз Болатова Қанжан Беймұхановна «Зоология мұражайы» туралы қысқаша қорытынды жасады. Қонағымыз Славомир Качмарек мырза өзі жұмыс жасайтын университетінің мұражайы тарихымен ой бөлісті. Шараға қаты-

сушы кафедра меңгерушісі Кожажалиева Рима Жамбыловна және декан орынбасары Әсемгүл Қайратқызы сөз алып, рахметін жеткізді.

Мұражай рухани құндылықтарды танытуда, оның нәтижелерін насихаттауда, тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Мұражай - ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына арқау болады. Ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи саланың қалыптасуына ықпал етеді.

**Н. БОРАНБАЙҚЫЗЫ,
Д.А. ШЕРБАЛИЕВА,**
Биология мамандығының магистранттары

Қараша айының 17-ші жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінің БГ-21-ші тобы студенттері кураторы Жанар Максұтовнаның бастауымен «Ғасыр ғұмырлы - ғажап ақын» тақырыбында заманына «XX ғасырдың Гомері», жыр дүлдiлi, ғасыр ақыны, Жыр алыбы - Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған тәрбие кеші өткізілді. Осы тақырыптық іс-шарада қара өлеңнің алыбы, даланың дархан данасы Жамбыл ата өзіңнің үміт күткен ұрпақтарың сіз туралы ой толғап сыр шертті.

ҒАСЫР ҒҰМЫРЛЫ - ҒАЖАП АҚЫН

Екі ғасырдың куәсі, жыршы-жырау, халық ақыны, ірі айтыскер ақын, «Халық поэзиясының алыбы», «XX ғасырдың Гомері», «Жамбыл – менің жай атым, халық - менің шын атым» деген ұлы тұлға. 1938 жылы «Ленин» орденімен, 1939 жылы «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

Жамбыл есімі қазақ халқы үшін, қазақ поэзиясы үшін аса қымбат. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев айтқандай: «Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман-аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз»

Бұл шараның басты мақсаты Жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүю, оны бағалай білуге ұғындыру болып табылады.

Ақын шығармалары арқылы ұлтжандылық сезімін оятып, адамгершілікке, елінің өнерін сүюге тәрбиелеу.

Индира ЖУЛКАШЕВА,
БГ-21 тобы

«Жыр алыбы - Жамбыл Жабаев»

Қараша айының 18-ші жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінің Б-11, 1-ші тобы студенттері мен топ кураторы Светлана Маратовна және Ардагер ұстазымыз Қанжан Беймұхановна бастауымен «Жыр алыбы - Жамбыл Жабаевтың 175 жылдығына арналған тәрбие кеші» өткізілді. Осы тақырыптық іс-шарада қара өлеңнің алыбы, даланың дархан даласы - Жамбыл ата өзіңнің үміт күткен ұрпағың, сіз туралы ой толғап, сыр шертті.

Екі ғасырдың куәсі, жыршы-жырау, халық ақыны, ірі айтыскер ақын, халық поэзиясының алыбы, XX ғасыр Гомері» Ұлы тұлға 1938 жылы Ленин орденімен, 1939 жылы Құрмет белгісі орденімен марапатталды. Жамбыл есімі қазақ халқы және қазақ поэзиясы үшін аса қымбат. Студенттеріміз осы кеште Жамбыл Жабаевтың күйлерін, термесін, жырды, өлеңдерін оқып, Жамбыл мұражайыменде таныс болды.

Бұл шараның басты мақсаты - Жыр алыбы Жамбылдың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүю және еліміздің салт дәстүрлерін ұмытпауды ұғындыру. Ақын шығармашылығы арқылы ұлтжандылық сезімін ояту, адамгершілікке, салт-дәстүрін, ғұрыпын, өмірін бағалауға тәрбиелеу.

Шара соңында кешіміздің қонағы болған Славомир Качмарек мырза да сөз алып, рахметін жеткізді.

С.М. КАБАЕВА,
Б-11 тобы кураторы

“Әлем туған елді танудан басталады”

Қазан айының, 28-і күні факультетімізде 2-ші курс белсенділерінің ұйымдастыруымен “Әлем туған елді танудан басталады” атты Интеллектуалды сайыс оздырылды.

Сайыс барысында, студенттеріміздің тек жан-жақтылығын, шапшаңдылықтарын, ойлау ұшқырлықтарын бақыладық. Әрі студенттеріміздің білім саласында, өнер саласында қатар алып жүре алатындықтарына көзіміз жетті. Осындай студенттеріміздің барына қуанамыз.

Сайыс қорытындысы бойынша «Интеллект» тобы 1 орын, «Алаш» тобы 2 орын, «Қырандар» тобы 3 орынды иеленді. Барша ат салысқан студенттерге алғысымыз шексіз, алға өрлей беріңіздер!

Аяжан ІЗБАС,
ХБ-23



БЕТ РЕДАКТОРЫ: Бисенғалиева Айгерім



ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА факультеті

Өнегелі кездесу

Біз бұл өмірге не үшін келдік? Не үшін өмір сүреміз? Жалпы өмірдің мәні не? Осы сұрақтар кім-кімді де бір сәт болсын түнгі ұйқысын бөліп, тұңғыық оймен толғандырған болар, мазалаған шығар. Өмірдің мәнін кім түсінгісі келмейді?! Сіз бе? Жоқ десеңіз, бос сөз. Серпіліңіз... Бізге құндылықтарды дәріптейтін тұлғалар бар екен, асылында. Бұған 15 қараша күні «Физика-математика» факультетінде «Отбасы хрестоматиясы» қоғамдық қорының сарапшысы, психолог Сейілбек мырзамен «Даралық пен даналыққа» тақырыбында өткен әдемі кездесу куә. Аталған қордың еңбектерімен танысып көрсеңіз көптеген сұрақтарға жауап аласыз, зейініңіз ашылады.

Жүздесудің ерекшелігі - жас талғамайды, мамандыққа да қарамайды. Қазіргі қоғамның өзекті мәселелерін қозғаған тәрбиелік мәні мол, қисса мен



өрілген тамаша сұқбат өмір сүруге деген құлшынысты одан әрі үдетуге септігін тигізгені соншалық, тыңдарманның құлақ құрышы қанып, студенттер кездесуді университет қабырғасынан тыс жалғастырып, автормен әңгімелесті. Бірақ, нақты шешімді қабылдау адамның

өзінің еншісінде, даралығында екенін есте сақтасақ.

Хош, ұжымға шығармашылық табыс тілейміз. Осындай кездесулер жалғасын тапса нұр үстіне нұр болар еді.

Саябек БИСЕНҒАЛИ,
ФИ-21 топ студенті



Қазақтың ағартушылық тарихында және ұлттық мектебінің қалыптасуында тереңіз қалдырған Ыбырай Алтынсаринге 180 жыл толған болатын. Ыбырай Алтынсарин білген үстіне біле түссем деген құмарлық пен өз халқыма неғұрлым көбірек пайда келтірсем деген абзал арманға ұмтылыс жас Ыбырайдың өмірлік мақсатына айналды. Өзінің мінез-құлқы жағынан қарапайым әрі еңбексүйгіш еді, көп оқыды, өзге халықтардың қол жеткен

«Балалар әдебиетінің атасы...»

табыстарын неғұрлым көбірек біле түссем деп армандаған еді.

Ы. Алтынсарин – балалар әдебиетінің атасы. Бүкіл өмірін қазақ балаларын оқытуға арнаған, Ыбырайдың әдеби туындылары балалар дүниесіне өте жақын. Сондықтан да ол қазақ балалар әдебиетінің атасы деп танылған. Сол мақсатпен алғаш рет балаларға арнап мектеп ашып, оқулық жазған. Ыбырай Алтынсариннің қазақ әдебиетіндегі орны - реалистжазушы, ағартушы-педагог, қазақ балалар әдебиетінің негізін салушы, тіл тазалығы үшін күрескер, тұңғыш кемеңгер. Көрнекті әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев өзінің «ХҮІІІ- ХІХ ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген ғылыми – зерттеу еңбегінде педагог-жазушыға: ХІХ ғасырда қазақ даласынан шығып, орыс, Европа мәдениетіне қолы жеткен оқымысты, халық ағартушылар дәрежесіне көтерілген әрі педагог, әрі акын- жазушы Ыбырай Алтынсариннің өз халқының келешегі үшін істеген еңбегі

зор,»- деп баға береді. Оның еңбектері жан-жақты зерттеліп, ондаған ғылыми–зерттеу еңбектер жазылған, докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды.

Өзінің өнегелі өмірі, тынымсыз ізденісі, жан-жақты таланты арқылы танылған Ыбырай Алтынсарин шығармаларының қазақ әдебиеті тарихында алатын орны орасан зор.

2021-2022 оқу жылының тәрбие жұмысының бекітілген жоспары бойынша қараша айына 2 курс И-21 топ студенттерімен ағартушы педагог, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ыбрай Алтынсариннің 180 жылдығына орай кураторлық сағат өткізілді. Жоғарыдағы ақпаратты баяндай отырып студенттерге алдағы уақытта білім саласында өздерін шыңдауын талмауын, күш-жігерлері артуы мақсатында өткізіліп отырғанын шара екенін айтылды. Кураторлық сағат сәтті өтті. Өз мәресіне жетті. Топ кураторы оқытушы, магистр Б.С.Насырова.

Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толатыны бәрімізге де белгілі. 2021 жылдың 16-19 қараша аралығында Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінде Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына арналған 1 курс студенттері арасында спартакиада өткізілді.

«Еңбекпен келген жеңіс!»

Спартакиадаға университетіміздің барлық факультет студенттері жұмыла, белсене қатысты. Спартакиада спорттың бірнеше түрлері қамтылды. Ондағы спорт түрлері: шағын футбол, волейбол, теннис, баскетбол, эстафета, шахмат, дойбыжәне тағыбасқалары. Жарыс ережесіне сәйкес әр спорт түріне әртүрлі орындар берілген еді. Факультетіміздің студенттері шахмат ойынынан 1-орын, эстафетадан 1-орын, футболдан 2-орын, теннистен 3-орын, дойбыдан 1-орын, баскетболдан 3-орын, аркан тартыстан 3-орын орындарды иеленді. Физика-математика факультетінің намысын қорғап шыққан студенттер соңғы жалпы командалық қорытынды бойынша жүлделі 1 орынға ие болып, жылжымалы кубокты қанжығаларына байлады. Факультетіміздің бұндай



Гүлжауар УТЕПБЕРГЕНОВА,
ИС-21 топ студенті

Қайырымдылық - жылы жүректен!

Сенбілік - жұмыстан бос уақытта қоғам игілігі үшін саналы, ұйымдасқан, ерікті түрде жасалатын еңбек екені белгілі. Қайырымдылық айының аясында М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университеті, «Физика-математика» факультетінің ФИ-21, И-31 топ студенттері волонтер Фазылов Ерланның бастамасымен



білім ордасының аумағын тазалап, ұжым қызметкерлеріне мектеп шырайын әрлендіруге қол ұшын беру мақсатында «Облыстық зерде бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернатына» аттанған болатын. Студенттер іс-шараның маңыздылығын жақсы түсініп, белсенді жұмыс істеді. Ауа-райы ашық болып, еңбекке жұмылған әрбір топ бөлінген аумақтарда тазалық жұмыстарын қарқынды жүргізді. Айнала қоқыстан арылып, тәрбие мен тәртіпке баулитын қайырымдылық шарасына қатысқан студенттерге мектеп басшысы мен қызметкерлері ризашылықтарын білдірді. Сенбілік соңында таза ауамен тыныстап, бойларын ширатқан студенттер естелік суретке түсіп, көтеріңкі көңіл-күймен үйлеріне қайтты.

Аңсағаным НЫҒМЕТОЛЛИНА,
ФИ-21 топ студенті

«Адалдық сағаты» республикалық акциясы аясында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы студенттердің оқытушыларымен кездесуі өткен болатын. Іс-шараның басты мақсаты-рухани құндылықтарды жоғары қоятын парасатты, саналы жастарды қалыптастыру.

АДАЛДЫҚ САҒАТЫ

Өткізілген іс-шарада қазіргі уақытта Қазақстан Орталық Азия өңірінде ғана емес, тұтастай алғанда ТМД бойынша да жемқорлыққа қарсы неғұрлым мықты дамыған заңнамасы бар ел болып табылатындығы, мұндай құқықтық актілердің қатарына 1998 жылғы «Сыбайлас жемқорлық пен күрес туралы» Заңды, Жемқорлық пен күрестің 2006-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын қосуға болатындығы, 2005 жылы мемлекеттік қызметшілердің Арнамыс кодексі бекітілгендігі, ал 2007 жылдың 12 қаңтарында «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» заң қабылданғандығы туралы айтылған болатын.

Гульсим БЕИСОВА,
И-11 топ студенті

БЕТ РЕДАКТОРЫ: Кулымбай Лаура



Баубек Бұлқашев атындағы жас журналистер клубының жаршысы

2016 жылы қаңтардың 30-ынан бастап шығады - Издаётся с 30 января 2016 года

Газет - халықтың көзі, құлағы һәм тілі.

А.Байтұрсынов

Журналист

(Journalist)

№8 (43), қараша, 2021 жыл



Жұбан кітапханасы: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы қарымды қадамдары және көркем шығарма оқу мәселесі

Белгілі бір көркем әдеби шығарманың қоғамдық, тәрбиелік маңыздылығына, оқырманын эстетикалық сезімге бөлей алатынына шүбә жоқ! Демек, әдебиеттің құдіретін, әлеуметтік мәнін, күллі қоғамды өзгертушілік күшін осы тұрғыдан тану шарт. Шынайы әдебиет ескірмейді. Өз кезеңінде атақты Аристотель әдебиетті өмірді танудың, тәлім-тәрбие берудің негізгі нысанасы тұрғысында пайымдаған. Әйгілі Әуезов әдебиеттің зор міндетінің бірі елдің мінезін түзеу тұрғысында түйіндеген. Бүгінгі кезеңдегі зерттеуші ғалымдардың бірі, профессор Кит Оутли көркем әдебиетті «сананың пилотажды жаттығуы» үлгісінде таниды. Бұл — ұшқыштардың жерде тұрып-ақ әуе лайнерін басқаруды үйренуі деген сөз. Көркем әдебиетке жиі назар аударатындар өз бетінше әлеуметтік дағдыларын да жақсартпақ. Бұл үдерісті әдеби персонажбен өзімізді ұқсастыруымыз, психикалық жағдайды модельдеу, таным формасы қабілетіне ие болу десек де болады. Нәтижеде кейіпкер басындағы ойдың оқырман тарапынан айқын ажыратылуы, оқырман санасында осы іс-әрекетке жауап берер қызметтердің іске қосылуы жүзеге аспақ. Қысқасы, қандай туынды болмасын адамның ой-санасына белгілі бір деңгейде әсер етері даусыз.

Психологтардың, психоаналитиктердің пікірінше, көркем шығарма эмоциялық интеллектіні дамытуға көбірек септеспек. Бұл орайда бірден айқын танылар тұс – көркем әдебиет оқытындар мен оқымайтын адамдардың бір-бірінен мүлдем бөлекше келетіндігі. Мәселен, кітап оқытындардың сөздік қорының бай болуы. Сондай-ақ, әлемдегі ең ірі баспа санатындағы Оксфорд университетінің баспасынан шығатын әлеуметтік неврология бағытындағы ғылыми журналда жарияланған мақалада осы мәселеге акцент берілген-ді. Зерттеу нәтижелеріне сүйене айтсақ, көркем әдебиетті оқу адамның қайырымдылық, азаматтық белсенділік сияқты әлеуметтік-танымдық қабілетін жақсартады; күллі әлемдегі зорлық-зомбылық деңгейінің біртіндеп төмендеуіне әкеледі; жеке адам тағдырына қатысты қайшылықты жағдайлар өзіндік шешім іздеуге ұмтылдырады. Бұл реттегі мамандар тарапынан жүргізілген эксперимент нәтижелері де ойлантады. Мәселен, фотосуреттегі адамның бет-әлпетіне, кескін-келбетіне қарап, оның көңіл-күйін дәл айтып бере аламыз ба? Оңай шаруа емес. Нәтижеде көркем әдебиетпен көп шұғылданғандар аса қырағылық танытып, тұлғааралық қабылдау шкаласы бойынша жоғарғы көрсеткішке ие болған. Әлеуметтік неврология бойынша көркем әдебиетті жиі оқытындар өзгенің қуанышы мен қайғы-қасіретін жақсы сезініп, шынайы түсіне алары айқындалған. Яғни, кітап оқытындар өзгенің эмоциясын жақсы ажырата алмақ. Ал мұның тиімділігі неде? Тағы да эксперимент нәтижелеріне жүгінсек, көркем шығарма оқуға ден қоюшылар өзгелерге риясыз қызмет көрсетуге даярлығын айқындайды. Қысқасы, көркем әдебиет оқырманды кейіпкердің ішкі әлеміне терең бойлай алатын артықшылыққа ие етеді. Демек, бұл айтылғандардан шығарылар қорытынды — әдебиет тек сөз өнері ғана емес, парасат пен нәзік сезімталдыққа бастар жол. Бүгінгі таңда техникалық білім беру салаларына гуманитарлық модульдердің көптеп енгізілуі де осыдан болса керек-ті. Демек, көркем шығарма оқудың тиімділігі таңғажайып. Көркем шығарманың оқырманға берер рухани құндылығы ұшан-теңіз. Көркем шығарма - рухани жаңғыру көзі. Ал рухани білім қашан да шынайы, толық, анық, мықты әрі жүйелі болуы тиіс. Көркем шығарма ақылыңа анық қосады, ал ақыл еркіндікке жол ашады, еркіндік әрекетке иелік етеді. Көркем шығарма даналыққа баулиды, ал даналықты үйрену адамды мықты әрі жанын жомарт етеді. Көркем әдебиетті сүймеу, оқымау мүмкін еместей болуы тиіс. Мәселе тек бастапқыда оның дәмін татуда, хош иісін сезуде. Одан әрі оның арынына тосқауыл болу мүмкін емес. Себебі халықтың рухани тұнбасы «әдебиеті мен өнері ұлы болмаған жерде ұлт та ұлы бола алмайды» (Ғабит Мүсірепов). Мұхтар Әуезовке сүйене айтар болсақ, қай дәуірде де өз тілін, әдебиетін білмеген, қадірлемеген адам толық мәнді зиялы интеллектуал бола алмайды. Себебі ол қандайлық мамандыққа қатысты білімі болса да, рухани ой тәрбиесінде сыңаржақ кейіпте. Демек, «әдебиеттің атқаратын орасан зор қызметімен ештеңе де теңесе алмайды» (Сағатхан Өшімбаев). Ал көркем оқудың оқырманға берер рухани құндылығы да оның адам баласына алғашқы кезекте сыйлар эстетикасынан басталмақ. Мәселен, бір танымал ұлы қаламгерге жас жазушы келіп, тырнақалды жазған әңгімесін бағалауды өтінеді. Тәжірибелі тарлан алғашқыда жас жігіттің арқасынан қаға, таудай талабына ризашылық танытып шығарып салады. Жас жазушы қайтара

оралады. Қаламгер әңгімені парақтап қарай отырып, екінші ретте де жас тұлғаның қадамына құптау білдіреді. Бұған да қанағат тұтпай үшінші қайтара оралған жас жігіт классик жазушының жазылған шығармаға сын айтуын қалап қадалып тұрып алады. Сонда ғана өмір көрген тәжірибелі жазушы: Айтыңызшы, Сіз осы жазған дүниеңізді көркем шығарма деп есептейсіз бе? - деп сұрайды. Мұндай оқыс сауалдың боларын күтпеген жас жігіт: - Бұлайша айтуға қандай дәлеліңіз бар? - дейді. - Мәселен, Сіздің әңгімеңізде «Бес тиын ақша жерге түсті» деген сөйлем бар. Осы сөйлемнен оқырман қаншалықты ләззат алмақ. Ешқандай да, себебі бұл тек ақпарат қана емес пе?! Көркем шығармаға тән образ қайда, жанды қозғалыс қайда? - дейді жазушы. - Сізше қалай болар еді? – деп жас жігіт енді қызарақтап шамдана бастайды. – Мәселен, былай болса ше: «Бес тиын пақыр ақша жерге ыршып түсті де, зыр-зыр қағып дөңгелей жөнелді»... Көркем шығармада алғашқы кезекте образ, динамика болуын ескергейсіз, қалқам!.. - дейді қарымды қаламгер. Жас жазушы не айтарын білмей, мүдіре ойланып қалса керек. Бір мезетте тілге келіп: – Сонда қашан, қалай жазуға кеңес берер едіңіз? – деп сұрапты баяулап... - «Біріншіден, інім, қашан жазбауға мүмкіндігің болмаған кезде жазғайсың! Екіншіден, жаза қалсаң, соқыр көретіндей, саңырау еститіндей жазғайсың!» - деген екен дүлдүліміз... Бұндай астарлы терең тағылымды дүниелерді келтіре беруге болар...

Жұбан кітапханасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы қарымды қадамдары туралы молынан айтуға болар. Өз басымыз осы мақала тезистерін даярлау барысында кітапхана ұжымының оқырман қауыммен бірлесе атқарған сан қырлы іс-шараларына акцент бердік. Тәнті болдык! Осы реттегі 90 тараулы шараның бірін ғана айталық. Бұл – Жұбан ақынның 100 жылдығына орайлас «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясын әзірлеп ұсынуы. Жалпы энциклопедия (грекше епκυκλοπαίδεια – білім өрісі) анықтамалық бағытта шығарылатын ғылыми басылым делінеді. Бүгінде энциклопедия термині сонау алғашқы қолданыстағы тұстан бері маңыз-мәні жағынан сан тарау өзгерістерге ұшырағаны даусыз. Мәселен, антикалық қоғамда энциклопедия атауы жеті еркін өнерді (*грамматика, риторика, диалектика немесе логика, геометрия, арифметика, музыка және астрономия*) белгілеп көрсету үшін қолданылған. Ал XVI ғасырда Батыс Еуропада бұл термин «әр алуан мазмұнды жинақ» сипатына жақын ұғымда қолданыла бастаған. XVIII ғасырда энциклопедия білімді топтастыру тұрғысында түйінделді. Одан бері бұл терминнің маңыз-мәні біртіндеп ұлғая келе, қазіргі кең таралған мағынамен толысты. Яғни,энциклопедияны бүгінде барша ғылым саласынан анық мағұлмат беретін және іс жүзінде қолданылатын (*әмбебап энциклопедия*) немесе қайсыбір жеке ғылым саласындағы (*салалық энциклопедия*) ғылыми басылым тұрғысында таниды. Ал энциклопедия құрылымы жүйелі түрде жасалып, атап айтқанда, ғылым саласы бойынша іріктеп алынған материалдар алфавит тәртібімен орналастырылады. Тарихи даму сатыларын қысқа қайырсақ, энциклопедия сипатын еңбектер ең алғаш қытай жазбаларында (б.з.д. *XII-X ғ.ғ.*) пайда болған. Б.з.д. 2-мыңжылдықтың 2-жартысында Ежелгі Египетте сөздік жасалғаны мәлім. Ежелгі Грекияда Демокрит пен Аристотель еңбектері энциклопедиялық сипатта жазылған. Ежелгі Римде шыққан алғашқы энциклопедияның бірі – Марк Теренцийдің «Ғылымдар» туындысы.Орта ғасырларда Әбу Насыр әл-Фарабидің араб тілінде жазылған «Ғылымдар тізбегі», Ибн Синаның «Донишнома» («Білім кітабы») энциклопедиялық трактаты жарық көрген. Осылай жалғаса береді. Қысқасы, энциклопедия әзірлеу тарихи қызғылықты мәліметтерге толы. Ал Қазақстан Тәуелсіздік алғаннан кейін 1997 жылдан бастап тарихи жаңа сипатты 10 томдық «Қазақстан» ұлттық энциклопедиясын алғаш шығара бастады. Оның орыс тіліндегі 5 томдық қысқаша нұсқасы 2004-2006 жылдары басылым көрген. Бұл бағыттағы мәліметтерді сүзгіден өткізе келе айтарымыз, энциклопедия – белгілі бір білім, ілім өрісін мо-лынан қамтыр анықтамалық бағыттағы сан алуан мәлімет-де-ректер жинақтала өріле ұсынылған ғылыми басылым. Осы саптап табылар «Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясы Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласындағы «Полиграфсервис» баспасынан тұңғыш рет басылым көрді. Көлемі – 608 бет. Бұған қоса 16 бет түрлі түсті фотосурет қоса берілген. Таралымы – 450 дана. Энциклопедия көрнекті қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің таланатты өкілі, ірі эпик, рухты ақын, ҚР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның

Халқы жазушысы, публицист Жұбан Молдағалиевқа арналған. Энциклопедияға ақынның шығармашылығы, өмірбаян деректері, қайраткерлік қызметі, әдеби және публицистикалық мұралары жөнінде материалдар енгізілген. Сондай-ақ ақын туралы жазылған еңбектер мен олардың авторлары жөнінде де мәліметтер ұсынылған. Алғаш рет жарық көріп отырған тұлғалық энциклопедия ұлт тарихындағы көрнекті қарымды қаламгерді, айтулы ақынның өмірі мен қызметі және шығармашылығымен танысқысы келетін барша оқырман қауымға арналған.

«Жұбан Молдағалиев» энциклопедиясы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Батыс Қазақстан облысының әкімі Есқалиев Ғали Нәжімеденұлының тікелей қолдауымен жарық көрді. Облыс әкімі энциклопедияға арнап жазған «Ақ Жайықтың ардағы» атты алғы сөзінде: «Ақ Жайықтың киелі топырағында дүние есігін ашып, қыран құстай қияға самғап, алты Алаштың Жұбанына айналған ақын, Қазақстанның Халық жазушысы Жұбан Молдағалиевтың 100 жылдығы қарсаңында жарық көрген тұңғыш энциклопедия өз оқырмандарына жол тартты. Бұл – біздің батысқазақстандықтар үшін зор мақтаныш. Қолға тиген басылымда Жұбан ақынның ерлік пен азаматтыққа, өршіл рухқа, перзенттік парызға, туған халқына шексіз сүйіспеншілікке толы өмір жолы мен әдеби мұрасы жинақталып, тұлға туралы жазылған замандастарының, әдебиет зерттеушілерінің еңбектері туралы деректер топтастырылды. Ел басына күн туған Ұлы Отан соғысының азабы мен тозағынан тайсалмаған Жұбан қаруымен қоса қаламын қолынан тастамай, жауынгерлерді жігерлендіріп, рухтандыра білді. Соғыстың алдыңғы шебіндегі майдангерлер туралы очерктер мен өлеңдер жазып, олардың әдеби портреттерін сомдады. Қан майданнан елге аман-есен оралған қарымды қаламгер ел рухын көтеруге, жаңа өмірге талпындыруға көркем сөз күшін жұмсады. Жұбан ақын қазақ әдебиетінде өзгелерден ерекше шығармашылық ерлік жасауымен дараланды. Ол кеңестік дәуірдің өзінде-ақ «Мен – қазақпын» деп ұлтының еңсесін еселей көтеруге, бойын тіктеуге үндеді. Ел Тәуелсіздігіне ұмтылған қазақ жастарына азаматтық асқақ үнмен қорған бола білген де – Жұбан ақын. Жұбан ақынды асқақтату арқылы ұлтымыздың рухын көтеріп, мәртебесін биіктете түсеміз. Жұбан жырлары жас ұрпақтың ар-намысын асқақтатып, ұлт ұлы болудың, халыққа қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетеді. Бұл энциклопедия – елдігіміздің, ақынға шексіз құрметіміздің белгісі. Осы құнды еңбекті баспаға дайындаған редакция алқасына зор алғысымды білдіремін», - деп түйіндеді.

Басредакция алқасы құрамына Ақбай Жайсаң Досболатұлы (*идея авторы*), Жақанов Илья Жақанұлы, Хаймулдин Ғазиз Усағалиұлы, Қасқабасов Сейіт Асқарұлы, Есдәулет Ұлықбек Оразбайұлы, Бақтыгереева Ақұштап, Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы, Медетбек Темірхан, Раушанов Есенғали Әбдіжапарұлы, Құлкенов Мереке, Жүсіп Қадыр Өтегенұлы, Қамзабекұлы Дихан, Батыр Болат, Сейтақ Ғайсағали, Тіпешов Ербол Ердембекұлы, Аймұхамбетова Жанат Әскербекқызы, Жұмағұлов Сағымбай Ботпайұлы, Айтмұхамбетов Қалияр Шадиярұлы, Дүйсентегі Сайран Темірғалиұлы сынды тұлғалар енгізілді. Жоба жетекшісі – Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы. Құрастырушылары – Ө.С.Мұханбетқалиев, Т.Әліпқали, Ү.Елеубайқызы, Т.Жазықбай, Б.Ө.Жексенғалиев, И.С.Сұлтаниязова, А.А.Ақболатов, М.Қ.Әжіғалиев, М.Т.Татеновалар.

Қазақ елінің қалың жұртшылығына сәтімен жол тартқан біртуар қазақ ақынына арналған энциклопедияның кіріспе сөзі Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, ақын Ұлықбек Есдәулеттің «Қазақтың қыран ақыны», Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессо-ры, филология ғылымдарының докторы Жүсіп Қадыр Өтегенұлының «Жұбан ақынның майдан жырлары», педагогика ғылымдарының докторы, профессор Абат Қыдыршаев, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Зейнолла Мүтиев, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Өскен Мұханбетқалиевтердің авторлық бірлестік-тегі «Мен – қазақпын, мың өліп, мың тірілген» (*Жұбан ақынның бас туындысы «Мен – қазақпын» дастаны туралы*) атты мақалаларымен ашылған. Қысқасы, «Жұбан» энциклопедиясының тұсауы кесілді. Қадірменді оқырман қауымға жол тартты. Қазақтың Абай сынды данасы айтпай ма: «Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес» деп.

Білуімізше, ғылым мен көркем әдебиетте ортақ қасиеттер мол: бұлардың екеуіне де бақылау да, салыстыру да, зерт-теу де тән. Шынайы көркем шығарма адам бойына қаншама рухани құндылықтарды еге алады десеңші! Көркем шығарма адамды адамиландырады, адами кеудені абаттандырады. Түптің түбінде көркем шығарма тұлғаны бір мезет ойлануға жетелейді, тіпті еркінен тыс мәжбүрлейді. Десек те, оқу ай-тулы ережелі тұжырымдарды меңгеру үшін, ал тәжірибе одан ауытқу жолдарын игеру үшін керектігін білгенге не жетсін! Өз тұсында қытайлық философ, қытай халқының дәстүрлі ілімі даосизмнің негізін салушылардың бірі, «кәрі ғұлама» Лао-Цзы: «Ойыңызға мұқият болыңыз, кез келген іс ойдан басталады» деген екен. Ал Шәкәрім сынды қазақтың ғұлама-сы айтпай ма: «Ойыңды түзе, сөзіңе айналады. Сөзіңді түзе, ісіңе айналады. Ісіңді түзе, әдетіңе айналады. Әдетіңді түзе, мінезіңе айналады. Ал мінезің - сенің тағдырың» деп. Өркез жадыда ұстағанға не жетсін! Олай болса, көркем туындылар арқылы санамызға қол тартқан ойымыздың у болмауын, сөзіміздің су болмауын, үмітіміздің бу болмауын тілелік! Ол үшін көркем әдебиет оқуға бой бұралық!

А.С.ҚЫДЫРШАЕВ,
Махамбет атындағы Батыс Қазақстан университетінің «Рухани жаңғыру» институтының директоры, педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Педагоги-калық ғылымдар академиясының академигі

«БҚУ Спорт сарайында» күні кеше оқу орда табалдырығын аттаған бірінші курс білімгерлерін студенттер қатарына қабылдау кеші өтті. Қиялдарын қанаттарына байлап, асқақ арман жетелеген жас ұландар өмір жолындағы қызықты да, бақытты кез студенттік шақтың басталғанын енді сезінгендей болды.

Мерекелік кешке Басқарма Төрағасы-ректордың м.а. Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлы, құрметті қонақтар, университеттің профессор-оқытушылық құрамы және бірінші курс студенттері қатысты.

Шара шымылдығын ашқан



Біз енді - студенттіміз!

«Жаңа Толқыннан» - жүзделі орады!

Жастар – қоғамның қозғаушы күші, еліміздің ертеңі! Кемел келешек кілтіне қол жеткізуге олардың қосар үлесі де қомақты. Қалаған мамандықтарының білгірі атанып, мемлекет болашағына өз пайдасын тигізіп жүрген төменгі толқын өкілдеріне қандай айдар тақса да жарасады. Қазіргі таңда облысымызда жастар саясаты мықтап қолға алынуда. Бұл орайда, көптеген игі бастамалар өз жемісін беруде. Осы саясатты іске асырудың негізгі міндеттерінің бірі – жастарды елжандылыққа тәрбиелеу, ішкі саяси тұрақтылықты нығайту. Аталған міндеттерді іске асыру мақсатында облыс көлемінде көлемді жобалар жүзеге асырылу үстінде.

Осы жобалардың бірі де бірегейі, студенттердің танылмаған қырларын ашып, таланттарға жол ашатын - «Жаңа Толқын» байқауы.

«Жаңа Толқын» - жоғарғы оқу орындарының 1 курс студенттері арасында өткізілетін байқау. Күні кеше Жастар Мәдениет үйінде жылдағы «әдет» бойынша «Жаңа Толқын-2021» өткізілді. Байқауға бақ сынауға келген облысымыздың 4 жоғарғы оқу орындарының студенттерінің бәрі де «сен тұр мен атайындар». Жас таланттардың өнеріне тамсана қарай отыра, Мағжан бабамыз сенген көздерінде жалыны бар жастардың қатары көбейіп келе жатырғанына бір марқайып қалдық. Батыстың дарынды жастарының басын



қосқан байқауға Махамбеттік өрендерде шет қалмай, өз өнерлерін қалың көпшілікке паш етті. «Бақ шабама, бап шабама» дегендей, студенттеріміз ауыз толтырып айтарлықтай дәрежелерге жетті.

Облысымыздың атаулы төрт жоғарғы оқу орны бақ сынаған аламан бәйгеде М.Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан

университеті жалпы командалық есеп бойынша екінші орынға тұрақтады. Өрен, өршіл Махамбет жастарын айтулы жеңістерімен шын жүректен құттықтаймыз! Алар асуларыңызбен, бағындырар белестеріңіз көп болғай демекпіз!

Нұрайзат МАРАТОВА,
МТЖ-11

Менің таңдауым БҚУ!



университетті бітіріп шыққан әр түлек:

- 1) Үш тілді жоғары дәрежеде біліп шығады;
- 2) Инженериямен ғылыми химияны толық меңгереді;
- 3) Кәсіпорындар арасында жоғары сұранысқа ие болады.

Осы себептерден мен дәл осы мамандықты және осы университетті таңдадым. Мен үшін бұл маман иесі БҚУ - да оқытылатын мамандықтар ішіндегі келешегі зор мамандықтардың бірі.

Әр адам өмірінің маңызды кезеңдерінің бірінде, болашағына зор әсер ететін маңызды шешімдерді қабылдауына тура келеді. Солардың бірі мамандық пен сол мамандықты игеріп шығатын оқу орнын таңдау. Мен таңдаған мамандық ғылыми-химия және инженерия, яғни, кен байыту мен өндіру салалары кәсіпорындарына қажетті мамандарды даярлау. Бұл мамандықтың қыры мен сырын үйреніп, өзімді осы салада дамыту үшін Махамбет Өтемісұлы атындағы Батыс Қазақстан университетін таңдадым. Бұл университет қабырғасында бізге химиялық шикізаттан және мұнай мен газ өнімдерінен тұрмысқа аса қажетті заттар өндіріп, химиялық жұмыс заттар мен органикалық синтез өнімдерін алу жолдарын үйретеді. Онымен қоса ағылшын тілі тереңдетіп оқытылады. Бұл

Мен, Жұмақұлова Әсел Асанқызы «үздік аттестат» иегерімін. Қазіргі таңда Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің 1 курс студентімін. Ең алғаш таңдауым түскен осы университет болды. Себебі еліміздің батыс өңірінің ғылымы мен білімінің әрі мәдениетінің дамуына қосқан үлесі зор. 90 жылға жуық тарихы бар бұл университеттің облыс, республика көлемінде аты шығып, көптеген даңқты есімдерді тізімге енгізгені мені қуантады. Мен жаратылыстану-география факультетінің 6В01526-Биология-География мамандығының білім алушысымын. Алғашқы келген күннен бастап бұл университеттегі сабақтар қызықты өтіп, педагог мамандардың білім деңгейінің жоғары дәрежеде екеніне тағы бір мәрте көзім жете бастады. Менің бұл университетті таңдауыма себепкер болған бірден бір адам – менің анам. Анам осы М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің түлегі. Қазіргі таңда 33 жылдық білім тәжірибесі бар шет тілі пәнінің мұғалімі. Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті туралы үнемі жақсы пікірлер естіп отырамын десем артық емес. Оған дәлел біздің ауылымыздан келіп осы университетте білім алып жатқан студенттер. Өзім білім алған мектепке машықкер ретінде келген студенттер бар алған білімін көрсетуге тырысатын. Мен де сол секілді университет қабырғасында жетістіктерге жетіп, жоғары білім деңгейін көрсетумен қатар үздік маман иесі атанамын деген үміттемін.



РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы

Батыс Қазақстан

университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 14.06.1995 ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 04.03.2021 ж. қайта есепке алу туралы № КЗ27VPY00033105 куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 1201

РЕДАКТОР: Айзада ДЮСЕНОВА

ТІЛШІЛЕР: Дария ДЖУМАГАЛИЕВА,
Шұғыла ЕҢСЕР, Гүлсезім СЕРІКБАЕВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:
Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және

графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

ИП «Старков С.А.»

баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы,
Ауельбеков көшесі, 98.
Тел.: 8-716-2-25-14-90